Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 22 (1129)

02.06.2023

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

БӘРЕКЕЛДІ!

БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІНЕ ОРАЙ АЛАКӨЛ ЖӘНЕ ЕСКЕЛДІ АУДАНДАРЫНДА БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ.

Алакөл ауданы Қабанбай ауылындағы мәдениет үйінің базасында 150 орындық балалар шығармашылық орталығы есігін айқара ашты. Мұнда балалар домбыра тартуға машықтанып, вокалмен, қолданбалы өнермен айналыса алады. Поэзия үйірмесі, арт-студия, қуыршақ театры да ұйымдастырылған. Робототехника, ағылшын тілі сабақтары өткізіліп, тоғызқұмалақ ойнауды үйретеді. Барлығы 10 түрлі үйірме бар. Алакөл ауданы әкімдігінің мәліметінше, орталықтың материалдық-техникалық базасын дамытуға барлығы 19 млн. теңге бөлінген.

Осындай тағы бір орталық Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылында ашылды. Мұндағы 120 орындық балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығында қосымша музыкалық білім беруге баса назар аударылады. Оқушылар домбыра, фортепиано, гитара, баян тартып үйрене алады, вокалдан сабақ өткізіледі. Сонымен қатар сурет салумен айналысатын балалар үшін өнер студиясы құрылды. Ескелді ауданы әкімдігінің дерегінше, орталықтың материалдық-техникалық базасын дамытуға барлығы 43 млн. теңгеден астам қаражат жұмсалған.

Облыстық білім басқармасының хабарлауынша, Жетісу облысында жергілікті жерлерде балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының осындай 17 орталығы жұмыс істейді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІ – ЖАСТАРДЫ УЛАП БАРАДЫ

Алуан түрлі зиянды дүниенің ішінде кәмелетке толған жастардан бөлек, мектеп қабырғасындағы жасөспірімдердің әлден әуестеніп шегіп жүргені – электронды темекі. Көше бойында жаяу жүре қалсаң қолдарына бір-бір электронды темекі ұстап, түтінін бұрқыратып тұратын жастарды міндетті түрде көресің. Себебі елімізде темекінің бұл түрін шектеу туралы ешқандай заң қарастырылмаған.

Нақты деректерге сүйенсек осы электронды темекінің кесірінен елімізде жылына 18 мың адам көз жұмады екен. Жан шошытарлық бұл статистиканың ішінде жасы да жасамысы да бар. Жастарға дұрыс жол сілтейтін аға буынның өзі электронды темекінің зияны аз деген түсінік қалыптастырып алған. Олар темекінің осы түрін тұтыну арқылы шылым шегуден арыламыз деп өздерінің денсаулықтарына екі есе зиян келтіруде. Бұл жайлы ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Ажар Ғиният журналистерге берген сұхбатында: «Бүгінгі күннің басты проблемаларының біріне айналған электронды темекі халықтың санасын улап алған. Жастарды былай қойып ес тоқтатқан естілердің өзі осы темекіге тәуелді болып барады. Мен бұның зиянын бұрында айтқанмын, әлі де айта беремін. Себебі бұл ұрпақты улап жатқан үлкен дерт. Электронды темекінің құрамында глицерин, пропилингликоль, никотин мен түрлі иіс беруші химиялық қоспалар бар. Бұл заттар адамның тыныс алу жүйесін зақымдап, өкпенің қатерлі ісігі, қан айналым жүйесінің аурулары мен жүректің ишемиялық ауруларын тудырады» деген еді. Балалар арасында электронды темекіге әуестіктің қанша пайызды құрайтынын білу үшін Денсаулық сақтау министрлігі «ТикТок» әлеуметтік желісінде анонимді сауалнама жүргізіп көрген. Сауалнамаға 12-16 жас аралығындағы жеткіншектерден 100 бала қатысқан. Нәтижесінде 48 бала – электронды темекіні бір рет тартып тәуелді болдым десе, 22 бала – темекінің бұл түрін тек бір рет қолданып көрдік деген. Ал 30-ы мүлде тартып көрмепті. Яғни 100 баланың тең жартысы бұл құрылғыға әуестеніп үлгерген. Дәл осы көтеріп отырған мәселенің адамзат үшін қаншалықты қауіпті екенін ерте түсінген әлемнің 32 мемлекеті электронды темекіні саудалауға заңмен тосқауыл қойған. Бізде қоғам болып келешек ұрпағымыздың ағзасын улап жатқан электронды темекіге қарсы әрекет етіп, үнсіз қалмауымыз керек.

Айдана СМАҒҰЛ

АНДАТПА

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ 4-5 бет

ЖАУАПТЫ ТҰЛҒАЛАРҒА ҚОЙЫЛАР ТАЛАП ЖОҒАРЫ

ӨЛЕҢ ӘЛЕМІ 8-9-бет

ЖАСТАР ЖАЗА БЕРСІН! ЖАСТАР ЖАСАЙ БЕРСІН!

АКТУАЛЬНЫЙ ВОПРОС 10-бет

ОБСУДИЛИ ВОПРОС О НЕКОРРЕКТНОГО ОБРАЩЕНИЯ ТАКСИСТОВ

БАЙҚАУ 13-бет

ЖАСТАРДЫ СТАРТАП ЖОБАЛАР ҚАНАТТАНДЫРАДЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БІЛІМ

БАЛАЛАРДЫ ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУҒА

622 миллионнан астам теңге бөлінді

ЖАЗ АЙЛАРЫ – БАЛАЛАРДЫҢ ТОЛЫҚҚАНДЫ ДЕМАЛЫП, ДЕНСАУЛЫҚТАРЫН НЫҒАЙТЫП ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫН ТЫҢ КҮШПЕН БАСТАУЛАРЫ ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ УАҚЫТ. ӘРБІР БАЛА ЖАНҒА ЖАЙЛЫ ДЕМАЛЫСТЫ ҚЫЗЫҚТЫ ӨТКІЗУДІ АРМАНДАЙДЫ.

Балаларды жазғы сауықтыруға облыстық бюджеттен 622 миллионнан астам қаржы бөлінген. Облыс бойынша қала сыртындағы 10 лагерь бар, оның 6-ы мемлекеттік, 4-і жекеменшік. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстық білім басқармасының дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындығы және қосымша білім берудің ғылыми-тәжірибелік орталығының директоры Айбол Қасенов мәлім етті.

«*Облыс бойынша қала сыртындағы 9 лагерге дайындық жұмыстары жүргізілуде. Атап өтсек, Текелі қаласында «Алтын Чажа», «Эдельвейс», «Бастау», Алакөл ауданында «Шағала», Көксу ауданында «Қарлығаш», Ескелді ауданында «Айналайын», «Көктөбе», Ақсу ауданында «Тамшыбұлақ», Панфилов ауданында «Қарлығаш»*», – деді Айбол Батырболұлы.

Спикердің айтуынша, қала сыртындағы лагерлерге облыстық білім басқармасы тарапынан комиссия құрылып, жазғы демалыс кезіндегі дайындығына, абаттандырылуы, өртке қарсы қауіпсіздік шаралары және санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау жұмыстары жүргізілді.

Брифингте сөз алған облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Асхат Чарапиевте жазғы сауықтыру лагеріне қатысты ойын орта-ға салды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

СЕМИНАР

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ИЕСІ – БҮГІНГІ ЖАС МАМАН

М. Маметова атындағы орта мектебінде жас мұғалімдердің кәсіби құлшынысын арттыру, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, кәсіби өсуіне жағдай жасап, әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру» тақырыбында аудандық семинар ұйымдастырылды.

Шараға өңіріміздің 25 мектебінен жас мамандар қатысты. Семинардың мақсаты – жас мамандардың педагогикалық шеберліктерін арттыра отырып, іс-әрекетін жаңашылдыққа бағыттауды қалыптастыру, озық тәжірибені ендіру, кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Семинарда ықшам сабақтар көрсеті-ліп, шеберлік сыныптар ұйымдастырылды. М.Маметова атындағы орта мектебінен физика пәнінің мұғалімі А.Шаймұран, биология пәнінің мұғалімі Н.Шаймукашева, Шестаков атындағы орта мектебінен А.Қалиахмет, Г. Калибаева ықшам сабақ өткізді. Жас мамандардың сабағын бақылаған мамандар тарапынан кері байланыс берілді.

Сонымен қатар, «Жас мамандардың кәсіби мотивациясын арттыру» тақырыбында TED-х форматындағы сұхбат өткізілді. Республикалық «Үздік педагог» байқауы грантының иегері, «Жылдың үздік мұғалімі – 2017» байқауының жеңімпазы, Текелі қаласының №1 мектебінің география пәнінің мұғалімі Б. Молбаев семинарға қатысқан жас мамандарға «Жетістікке жетудің төрт көкжиегі» тақырыбында өзінің тәжірибесімен бөлісті. Келесі кезекте «Жылдың үздік мұғалімі – 2020» бай-қауының жеңімпазы, Талдықорған қаласының №26 мектебінің математика пәнінің мұғалімі А.Каймуханов «Үздіксіз даму – жетістікке жетудің кілті» тақырыбында өзінің жетістікке жету жолындағы ізденісі мен талпынысы жайында тәжірибесімен бөлісті.

Раушан МЕЙІРБЕКОВА,
М.Маметова атындағы
орта мектебінің директоры,
аудандық мәслихат депутаты.

ЖОБА АЯСЫНДА

МЕКТЕПТЕГІ ЖЫЛЫЖАЙ

Талдықорған қаласындағы К. Ушинский атындағы №7 орта мектепте бастауыш сынып оқушылары «Жылыжай жобасы» аясында көлемді жұмыс атқарды.

Жылыжай жобасы негізінде оқушылар тәтті бұрыш, қызанақ, қияр, кинза және тағы басқа көкөністерді отырғызды. Ең алдымен үй жағдайында өсірсе, әрі қарай сынып бөлмесінде күтіп баптады. Мектеп учаскесінде кішігірім жылыжай салынып, онда оқушылар өздерінің өсірген дайын көшеттерін отырғызды. Зерттеу нәтижесі өз деңгейінде өтті. Бұл көшеттер маусым мен шілде айында гүлдейді. Тамыз айынан бастап жемісін бере бастайды. Отырғызылған көшеттердің берген жемісін мектепішілік көрме ұйымдастырып, оны күнделікті өмірде тұтынуға кеңес берілді.

Еліміздің ертеңі – балалар. Ал, балалардың өсіп жетілуі мен толыққанды дамуында тамақтанудың атқаратын рөлі орасан зор екені айтпаса да түсінікті. Мінеки, сол себепті осындай игі істер кеңінен орын алса, нұр үстіне нұр болар еді.

Азиғат СУЮНДИНОВА,
К. Ушинский атындағы орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі.

КІТАПХАНАДА

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай қалалық балалар кітапханасында «Балалық шақ – бал дәурен» атты шара ұйымдастырылды.

БАЛАЛЫҚ ШАҚ - БАЛ ДӘУРЕН

Кітапханашы қызметкерлері экскурсияға келген оқушыларға слайд көрсету арқылы оларды кітап әлемімен таныстырып, кітаптың түрлері, құрылымы, ерекшеліктері және адам өміріндегі маңызы туралы жан-жақты түсіндірді. Сонымен бірге «Ертегіші» клубының дайындаған қойылымдарын көрсетті. Сонымен қатар оқушылармен әртүрлі сайыстар, сөзжұмбақтар ұйымдастырылды. Кітапханадағы жылдамдыққа, білімділікке, шеберлілікке үйрететін «Монополия», «Хоккей», «Футбол» және математикалық кубик, ертегіші кубиктері балалардың қызығушылығын арттырды. Шара соңында «Кітаптармен достасайық» ойыны ойналғаннан кейін, оқушылардың жартысынан астамы кітапхана оқырманы болып жазылып, кітаптар алды.

Л. ДАЙРАБАЕВА,
кітапханашы.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОТКРЫТЫЙ ДИАЛОГ

О НЕ РАВНЫХ УСЛОВИЯХ ДЛЯ ДЕТЕЙ

по программе «Даму бала» рассказали предприниматели

КАК ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АЛМАТИНСКОЙ ГОРОДСКОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, СОСТОЯЛАСЬ ВСТРЕЧА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА С ПРЕДСЕДАТЕЛЕМ РПП ГОРОДА АЛМАТЫ АУЕЗОМ ТАЙМБЕТОВЫМ, А ТАКЖЕ ГОСУДАРСТВЕННЫМИ ОРГАНАМИ РАЙОНА В ФОРМАТЕ «ОТКРЫТЫЙ ДИАЛОГ».

По словам председателя РПП города Алматы Ауеза Таймбетова, Медеуский район – крупнейший административный, промышленный и культурный центр Алматы.

«Сейчас количество действующих субъектов предпринимателей более 250 тыс. Из них 37 450 субъектов малого бизнеса работает в Медеуском районе. В 2022 году от Медеуского района в государственный бюджет поступили 984,2 млрд тенге налогов», – отметил директор Палаты.

Заместитель прокурора района Бауржан Толендинов отметил, что сейчас генеральной прокуратурой уделяется большое внимание защите прав предпринимателей и бизнеса в целом.

«Сегодня мы с Палатой предпринимателей «Атамекен» совместно с акиматом Медеуского района собрались, чтобы провести с вами встречу в форме открытого диалога. Мы знаем, что проблемы были и имеют место на сегодняшний день. Чтобы понять ситуацию хотим послушать вас», – сказал Бауржан Толендинов.

Участники подняли вопрос ограниченного доступа ваучеров для детей по программе «Даму бала», а также проблему нехваток парковочных мест, вопросы стихийной торговли вокруг рынков.

Напомним, что сейчас творческие кружки и спортивные секции для детей на платформе доступны только поставщикам и родителям г. Астана, г. Алматы, Кызылординской, Мангистауской, Западно-Казахстанской, Атырауской, Абайской и Улытауской областей. Всем остальным пользователям доступ будет открыт после подписания необходимых документов в регионах и городах республиканского значения сообщается на платформе программы «Даму бала».

Директор школы гимнастики «Грейс» Наталья Грейс рассказала, что сейчас дети с областной проспикой не могут получить ваучеры на бесплатные кружки.

«Все прекрасно знают, что город Алматы стал очень большим городом, где границы между Талгаром, Бесагашом, Тұздыбастау почти стёрлись. Такие объекты как Халық арена стоят практически на границы города и области. И дети, которые занимаются каким-либо видом спорта проживающие в городе в большинство из них не в состоянии ездить в Халық арену. Но, такие как населенные пункты, как Талкар, Туздыбастау, Бесагаш, ездят заниматься на «Халық арену». Но им ваучеры недоступны», – рассказала предприниматель.

Она подчеркнула, что точно в таком положении находится Алматы арена в Алатауском районе.

«Сейчас поднимался вопрос, о том, что областники не могут брать ваучеры программе «Даму бала». Возможно ли как-то решить этот вопрос? Может подумать о том, чтобы расширить границы Медеуского района или просто дать идею городу, чтобы район свои границы окончательно определил до конца. Потому что в реальности сейчас эта такая проблема стала. Детей областников большинство, они даже учатся в городе Алматы. Получается, кому нужны ваучеры не могут получить их. Решите вопрос с «Халық арена», чтобы дети близлежащих районов могли обучаться по ваучерной системе», – сказала предприниматель.

По словам спикера, есть большой поток детей, которые оторваны от хороших условий, от хорошего тренерского состава. Предприниматель попросила решить вопрос, чтобы дети этих районов могли бесплатно заниматься.

«Раньше не стоял вопрос не принимать детей с области. Сейчас есть. Да, проверки будут идти по «мертвым душам», по ИИН, проверка приписок. А как мне проверить детей, которые у меня год занимаются, и они все областники? Кто-то в микрорайоне Алатау (по Кульджинскому тракту) живет, имеет прописку, а кто живет в Туздыбастау три шага от города и уже область», – сказала Ольга предприниматель микрорайона Алатау Медеуского района.

Предприниматели поинтересовались, когда будет оплата за апрель.

«Государственный творческий-спортивный заказ был передан акиматам района. Сейчас на данный момент в течении месяца мы прорабатывали вопрос в части обучения, то есть нас обучали разработчики Даму бала. На сегодняшний день у нас составляет более 4 тысяч действующих ваучеров. В очереди сейчас тоже стоят четыре тысячи детей. У нас есть у каждого района определённый бюджет. То есть допустим четыре тысячи человек, которые в очереди по ним мы не может ответить да или нет. Потому что это все зависит от родителей как выберут поставщика», - ответил представитель акимата.

«За апрель сейчас в данный момент проводим мониторинг в части недействующих «мертвых душ». Как только мы проведем полностью анализ через систему прописок, после мониторинга мы 10 июня перепланируем производство оплату за апрель», – добавил спикер.

«Сегодня здесь поставщиков несколько человек. Всем известно, что до нынешней программы мы проверяли и предыдущую программу. Там очень много нарушений систематических. Ряд уголовных дел было возбуждено, идет расследование. Здесь хотели бы, с одной стороны, обезопасить вас предприниматели. Потому что есть дети, которые не посещают, есть дети, которые улетают за границу. По расследованием дел дается правовая оценка хищению денежных средств. Мы готовы работать по всем проблемным вопросам совместно с акиматом», – сказал представитель прокуратуры.

Вопрос разделения области и города участники договорились обсудить с разработчиками платформы юридическую сторону вопроса на расширенном заседании с поставщиками, которые планируется на 30 мая.

Ш. ХАМИТОВ.

КОНСУЛЬТАЦИИ СПЕЦИАЛИСТА

РАЗВИТИЕ СЭЭ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В современном мире судебно-экономическая экспертиза играет важную роль в разрешении экономических споров и подтверждении финансовых пре-ступлений. Республика Казахстан, как страна, стремящаяся к экономическому раз-витию и укреплению правового государства, уделяет особое внимание раз-витию этой области экспертизы. В данном эссе мы рассмотрим ключевые ас-пекты развития судебно-экономической экспертизы в Казахстане.

Судебно-экономическая экспертиза в Республике Казахстан получила законодательное признание с момента независимости страны. Законодательство, регулирующее эту область, постоянно совершенствуется и адаптируется к современным требованиям. Одним из важных шагов в развитии судебно-экономической экспертизы стало принятие Закона "О судебно-экспертной деятельности в Республике Казахстан" в 2015 году. Этот закон установил основные принципы и порядок проведения экспертизы, а также определил права и обязанности экспертов.

Создание и развитие специализированных организаций и институтов также является важным аспектом развития судебно-экономической экспертизы в Казахстане. В стране есть центр судебной экспертизы, который занимается подготовкой и повышением квалификации экспертов, а также проведением независимых экспертиз, также выполняют научно-исследовательскую работу в области экспертизы и сотрудничают с правоохранительными органами и судами.

Одним из важных факторов развития судебно-экономической экспертизы в Казахстане является повышение качества подготовки экспертов. В стране функционируют специальные образовательные программы, направленные на подготовку судебно-экономических экспертов. Кроме того, проводятся семинары, тренинги и конференции, на которых эксперты могут обмениваться опытом и изучать новые методики и подходы к проведению экспертиз.

Еще одним важным аспектом развития судебно-экономической экспертизы в Казахстане является сотрудничество с международными организациями и странами. Казахстан активно участвует в международных проектах и программам по обмену опытом и передаче передовых практик в области судебно-экономической экспертизы. Такое сотрудничество способствует внедрению международных стандартов и методик в работу экспертов Казахстана, а также повышению их профессионального уровня.

Развитие судебно-экономической экспертизы в Республике Казахстан имеет положительные последствия для экономики и правопорядка в стране. Благодаря экспертным заключениям и анализу экспертов суды могут прини-мать обоснованные решения в экономических спорах и преступлениях. Это способствует снижению уровня коррупции, укреплению бизнес-климата и привлечению иностранных инвестиций.

Однако, несмотря на достигнутые успехи, развитие судебно-экономической экспертизы в Казахстане также сталкивается с некоторыми вы-зовами. Важно продолжать работу по совершенствованию законодательства, обеспечению доступности и независимости экспертизы, а также улучшению качества подготовки экспертов.

В заключение, развитие судебно-экономической экспертизы в Республике Казахстан является важным аспектом построения справедливого и правового общества. Законодательные меры, создание специализированных организаций, подготовка квалифицированных экспертов.

Алия АЛБАНХАН,
старший эксперт ИСЭ
по области Жетісу.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ЖАУАПТЫ ТҰЛҒАЛАРҒА
қойылар талап жоғары

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ АУДАН ЖӘНЕ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУІ БІР ЖЫЛДА ЕКІ РЕТ ӨТЕДІ. БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНДА ӨҢІР БАСШЫСЫ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ АЛАКӨЛ, АҚСУ, САРҚАН, ЕСКЕЛДІ, ҚАРАТАЛ, ПАНФИЛОВ КЕРБҰЛАҚ ЖӘНЕ ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫН АРАЛАП, ТҰРҒЫНДАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ. КЕЛЕСІ КЕЗЕКТЕГІ СОҢҒЫ АЯЛДАМА – ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

Шынын айтқанда әкім қаралардың жергілікті тұрғындармен кездесуі экс президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тұсында жасалған реформаның бірі еді. Бірақ сол кездесулер кілең көзбояушылық болатын. Әуелі ауыл әкімдері, одан соң аудан әкімдері есеп береді. Ал облыс әкімдері көңілі қалаған ауданға барып, қаламағанына бармай, орынбасарларын жібере салатын. Облыс әкімінің есеп беруі тек облыс орталығында өтетін. Оған аудан, ауыл тұрғындарының бірен-сараңы ғана келетін. Ал жиылған жұрттың жартысынан көбі кіл шенді-шекпенділер жиналып, облыс әкімі есеп бердіге саятын. Несін айтасың «ақсақты тыңдай, өтірікті шындай етіп» есеп берген ауыл мен облыс әкімдерінің талай концертін көрдік қой. Марқұм, тамашаның тарланы болған, Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрының әртісі Құдайберген Сұлтанбаев бір жылдары Парламент мәжілісіне депутат болып сайланған. Сол шақтарда Елбасымен бір жиында кездесіп қалса керек. Оған Елбасы «*Әй, «Құдайберген қал қалай? Парламентте не жаңалық бар?»* – депті. Сөйтсе қу тілді Құдайберген ағамыз: «*Нұраға! Парла-ментте 107 депутат бар. Мен ғана арнайы диплом алған таза әртіспін, қалғандары жалған әртістер*» деген екен. Сол Құдайберген ағамыз айтқандай, 2022 жылдың қаңтарына дейін есеп берген небір әртіс әкімдерді көрдік. «Қайсыбірін айтамын өңшең ғана ақсұңқар-ай» демекші, Президенттік құзірет қолына толық өткеннен кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдің әлеуметтік мәселесін шешу жолында әкім қаралар жарты ай сайын ел-жұртпен тікелей кездесіп, түйткілді мәселелерді жергілікті жерде шешуі керек деп тапсырған болатын. Бұған дейінгі көз бояушылықтар жойылып, аудан әкімдері тоқсан сайын, облыс әкімдері жылына екі рет кездесу өткізіп жүр. Қазір халықтың санасы оянған. Олар әр кездесуде әкімдерге түйткілді сауалдарды тікелей қойып, оның шешілу мерзімін де қадағалайды. Облыс әкімі де аудан әкімдігіне жүктелген міндеттердің қаншалық орындалғанын, жергілікті әкімдердің аудан қала тұрғындарымен қарым-қатынасын саралап салмақтауда. Әсіресе, ауыл халқын толғандырып отырған жол, ауыз су, мектеп, аурухана және мал шаруашылығына қатысты жайылымды жерлердің мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Жетісу облысы негізінен аграрлық сала ретінде дамығандықтан басымдық ауыл шаруашылығына берілген. Төрт түлік пен түрлі жеміс өсіретін өңір нарық заңына бейімделгелі өнеркәсіп саласына инвестиция тартылып келеді. Аудандар мен қалалар бойынша инфрақұрылымдық әлеуметтік нысандар салу, қайта жаңғырту және жобалау жұмыстарына бөлінген бюджеттік қаржылардың тиімді жұмсалуы басты назарда. Жыл басында, яғни ақпан айында Алакөл ауданында халықпен жүздескен облыс әкімі Бейбіт Өксікбайұлы өңірдің өзекті мәселелерін талқылап, тұрғындардың сұрақтарына жауап берген болатын. Жоңғар қақпасының ауызында тұрған Алакөл ауданы шекаралық аймақ. Шығыстағы Қытай мемлекетімен шектесіп жатыр. Аудандағы ауылшаруашылық егістігі 85 мың гектарды құрайды. Оның 27 мың гектары майлы дақылдар алқабы. Кеңестік дәуірде аудан қызылшамен қатар жүгері дақылын да еккен. Тәтті түбір өсіруде үлкен көрсеткіштерге жеткен. Алайда, Көксу ауданындағы қант зауытына тасымалдау аудан шаруаларын үлкен шығынға батыратын болғандықтан қызылша өнімі өркен жаймаған-ды. Ақсудағы қант зауыты қайта іске қосылуына орай, тәтті түбір көлемін 500 гектарға егу жоспарланған. Өңір басшысы Президент тапсырмасына сәйкес ауданға қант қызылшасын қалпына келтіруді, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруды тапсырған. Мақала басында айтылғандай өзге өңірлер сияқты Алакөлде алқаптарды суғару маңызды мәселеге айналған. Негізгі су көздері «Тентек», «Жаманты», өзендерімен «Левобережный» АМК-4 каналдары арқылы алынады. Су тапшылығын шешу мақсатында 36,8 каналды механикалық тазарту және 55 текше метр көлемінде бетон жұмыстары жүзеге асырылған. Сондай-ақ, ауданда инвестиция көлемінің азайғаны да тілге тиек болды. Осы мәселеге орай 2025 жылға дейін 849 жұмыс орнын ашып, жалпы сомасы 83,5 миллиард теңгеге 20 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланғанын айтқан аудан әкімі Алмас Абдиов биылғы жылы кәсіпкерлікті дамыту Ұлттық жобасы шеңберінде 530 миллион теңгеге 19 жоба қаржыландырылғанын айтқан. Облыс әкімі Бейбіт Исабаев бұл бағыттағы жұмыстарды ширатуды тапсырып, ауданда туризмді дамыту, халықты тұрғын үймен қамту, сапалы ауыз су, алдағы уақытта аудан халқын газдандыру, жол сапасын жақсарту және ағымдағы жөндеу жұмыстарына жіті көңіл бөлуді міндеттеді. Сондай-ақ әлеуметтік нысандар бойынша үш ауысымда оқытуды тежеу мақсатында «Жайлы мектеп» бағдарламасымен Достық ауылында 600 орындық мектеп салуға ЖСҚ әзірленіп, құрылысына республикалық бюджеттен қаржы бөлінсе, денсаулық сақтау саласында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту ұлттық жобасы аясында 2023-2024 жылдары Көлбай, Қайнар Екпінді Жайпақ, Сапақ, Ақжар ауылдарында фельдшерлік-акушерлік пункттер және Қызылқайың ауылында дәрігерлік амбулатория салу жоспарланған. Аудан тұрғындарымен екі сағатқа созылған кездесуде тұрғындар көптеген мәселе көтерген-ді. Бұдан кейінгі кездесу Сарқан ауданында болған. Аудан тұрғындарын әуелі жеке қабылдаған өңір басшысы олардың қойған сауалдарына жауап беріп, өзекті мәселелерін айтқан тұрғындарға проблеманың шешілу жолдарын қарастыратынын айтқан-ды. Бұл ауданда 1200 гектар жерге тәтті түбір себіледі. Аудандағы ауыз су, ішкі жолдар, газ, тұрғын үй, спорт, білім және мәдениет саласындағы қордаланған мәселелер тұрғындар тарапынан көтерілген. Табиғи газға қатысты жұмыс ауданда кезеңкезеңімен жүргізілуде. Өткен жылы 12 елді мекенде газ жүйесі қосылып, 28 мың адам көгілдір отынға қол жеткізген. Тұрғындармен бас қосқан жиында облыс әкімі Бейбіт Исабаев аудан әкімі Ғалымжан Қанатұлына барлық айтылған мәселелерді ерекше бақылауға алуды, кем-кетіктерді жоюды тапсырды. Қаратал ауданына барғанда көптің көтерген ең өзекті мәселелерінің бірі – баспана мәселесі болған-ды. Баспанамен қамту жүйелі жүріп жатқанын айтқан өңір басшысы тұрғындарды қолжетімді баспанамен қамтуда кезекте тұрған адамдар 10-15 жылдап кезекте тұрмай 5-6 жылда баспаналы болуы керек. Үй алу үшін ұзақ жылдар кезекте тұрып, сары уайымға салынып денсаулығын құртып, жүйкесін тоздырып, бала-шағасы есейіп кеткенде зейнет жасына шыққанда баспаналы болудың қажеті қанша деген-ді. Құмды өңірдің негізгі табыс көзі күріш пен төрт түлікте жатыр. Бұл ауданда да ауыз су мәселесінің жыры дастанға айналған. Шалғай жатқан Көпірлік ауылында кезінде тартылған ауыз су мәселесі шикі болып, тұрғындар тұзды су ішіп отырғандарын айтуда. Қай өңірді алсаңызда ауыз су, баспана жол, мектеп, аурухана және әлеуметтік мәселелер кесе көлденең-деп алдыңнан шығады. Аудан, ауыл әкімдерінің іскерлігі де осы жұмыстармен және инвестиция тарту-мен бағалануда. Жасыратын несі бар ауыл әкімдері алма піс аузыма түс деп аудан әкіміне, аудан әкімдері облыс әкіміне алақан жайып отыратын заман келмеске кеткен. Облыс әкімі аса күрделі мәселелерге қаржы бөліп, оны республикалық және жергілікті бюджеттен бөліп беруге ат салысады. Қалған шаруаларды аудан әкімдігі мен ауыл әкімдерінің ұйыстыруы керек. Облыс әкімі өңірлерді аралағанда жергілікті жерде шешілетін талай мәселе шешімін таппай, ауыл тұрғындары облыс әкіміне шағымданып жатты. Бейбіт Исабаев Ақсу ауданына барған сапарында әуелі халықпен жүздесіп, ұсыныс тілектерін тыңдап, түйінді мәселелерді шешу үшін бағыт-бағдар берді. Ақсулықтар 2022 жылы облыс әкімімен жүздескенде көкейкесті мәселелерін айтқан-ды. Араға алты ай салып қайта келген өңір басшысы сол тапсырмалардың қаншалықты жүзеге асқанын тілге тиек етті. Ауылдарды аралап, құрылыс нысандарын көріп, көңілі толмаған облыс әкімі Бейбіт Өксікбайұлы Жансүгіров ауылындағы жалға берілетін 10 үйдің жұмыс сапасын сынға алған болатын. Бұл ауданда құрылыс жұмысы бір жерде ақсап тұрса, екінші нысанда керісінше құрылыс қарқын алғанын көрген өңір басшысы мердігер компанияның қамқарекетіне тәнті болды. Бұл баспана бес санат бойынша кезекте тұрғандарға мамыр айында беріледі деп жоспарланған. Әкімнің жеке қабылдауына кіргендердің 90 пайызы жер мәселесіне қатысты шағымдарын айтқан. Жер мәселесіне қатысты түйткілдер Қапал, Қызылағаш ауылдарына шиеленісіп кеткенін, жер бөлудегі комиссия құрамының талай жылдан бері ауыспағаны да сын тезіне алынды. Облыс басшысы Бейбіт Исабаев: «*Конкурс өткізгенде де кімнің қанша жері бар, кім қыжалат көріп отыр, кімнің жерін кеңейтіп, шаруасын жандандыруға жағдай жасау керек деген мәселеге көңіл аудармағансыңдар. Біреулер бірнеше жылдан бері 5 гектар жер ала алмай келе жатыр. Бармақ*

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

басты, көз қыстылықтың иісі байқалып тұр», – деді. Осыған орай комиссия құрамы өзгертіліп, кінәлі адамдар заң аясында жауап беру керегін айтқанды. Ақсу ауданы – облыста ауыл шаруашылығы бағытындағы өңірлердің бірі. Тәтті түбір өсіруге бейім өңір 2023 жылы ауданда жалпы егіс алқаптары 62,2 мың гектар көлеміне жетеді деп межеленген. Оның ішінде қант қызылшасы 1,2 мың гектар, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,7 есе көп. Десек те, былтыр қант қызылшасын егу жоспары орындалмады. Яғни, жоспарланған 28 мың тоннаның орнына небәрі 5,3 мың тонна ғана өнім жиналды. Сондай-ақ ауданда мал басының азайып кеткені де сынға алынған. Сәуір айында ауданға Берік Тынышбаев әкім болып тағайындалды. Енді алты айдан кейін жаңа әкімнің айтылған сын ескертпелерді қаншалықты жойғаны, жұмысты жаңаша үйлестіргені белгілі болады. Бейбіт Исабаев Көксу ауданындағы сапарында, мемлекеттік басқару жүйесінде жауапты тұлғаларға қойылатын талап үлкен екенін, әрбір әкім бастамашыл, белсенді болып, ашық жұмыс істеуі керек екенін айтқан болатын. Басқосуда өткен жылы аудан халқымен кездесуде көтерілген мәселелердің 90 пайызға жуығы жергілікті жерде, аудан басшылығының өзі шешетін мәселелер болғанын, облыс ең бір өзекті деген, облыс бюджетінен қомақты қаржы қажет ететін мәселелер бойынша ғана жауап беріп, қолдау көрсететінін айтты. Ал күнделікті туындайтын тұрмыстық түйткілдерді өздеріңіз шешіп үйренулеріңіз керек деген облыс басшысы аудан әкімдерін біраз сынға алды. Жиын барысында аудан тұрғындарының қойған сұрақтары мен талап-тілектеріне жауап берген облыс әкімі көтерілген мәселелер бойынша аудан әкімдеріне тапсырма беріп, бірқатар сауал негізінде қазірге дейін жұмыс жүргізілгенін жеткізді. Сонымен қатар, өткен жылғы шілде айында аудан тұрғындарымен болған кездесуде көтерілген мәселелерді шешу бойынша атқарылған жұмыстарды атап өткен-ді. Ескелді ауданында да Ақсудағыдай жер мәселесі көтерілді. Облыс әкімі Бейбіт Өксікбайұлы ауданда 54.6 мың гектар жер пайдаланылмағанын, оның 4 000 гектары мемлекет меншігіне қайтарылғанын, жыл басынан бері 159 гектар жер қайтарылғанын айтқан-ды. Кезінде жерлерді гектарлап алып мақсатты пайдаланбаған ірі шаруашылық «Зернопородукт» ЖШС, Ақын Сара ауылындағы «Қапал» өндірістік кооперативтеріне ескерту беріп, белгілі уақытқа дейін шешуге тапсырма жүктеген. Ескелді және Көксу аудандарының тұрғындары жеке малдарын жаю үшін жайылым жердің тапшылығын айтып жиі-жиі дүрлігіп тұратыны жасырын емес-ті. Жиында халықтың мал жаюы үшін 106 мың гектар жайылым қажет екені айтылды. Қайнарлы, Матай Байысов және Ешкіөлмес ауылдарының тұрғындары жайылымға мұқтаж. Осы бағытта жайылымдық жерлерге деген қажеттілікті қанағаттандыру үшін жайылымды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы тиісті мамандарға тапсырма берілген. Төрт бірдей ауданға барғанда жер мәселесі алдынан шыққанын айтқан облыс әкімі Бейбіт Исабаев аудан және ауыл әкімдері тұғындардың өтініш тілектеріне атүсті қарайтынын, өздері шешетін мәселенің облыс әкімінің алдынан шығуына қынжылысын білдірді. Панфилов ауданында: ауылдық округтер әкімдерінің белсенділігін сынға алды.Әлеуметтік нысандар мен өндіріс орындарын аралап, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму үрдістерін бағамдады. Округ әкімдеріне халық арасында жобаның мүмкіндіктерін кеңінен түсіндіру, насихаттау керегін ескертті.

–Жаркенттің жеріне бәрі өседі. Өңірде алма өсіріп отырған шаруашылықтар бар, енді тек алманың өзін саудаламай, оны сақтайтын қойма салып, жергілікті жеміс өнімдерінен табиғи шырын әзірлеуді қолға алу керек. «Ауыл аманаты» – ауылдық жерлерде 3 - 4 отбасы бірігіп елді мекенге керек осындай кәсіптерді ашуға өте қолайлы жоба. Ауылға басқа тағы не керек – наубайхана бола ма, шұжық цехы ма, шаштараз ба, өзара ақылдасып, керек кәсіпті ашып, бастасаңыздар. Сонда өз отбасыларыңызды жеткілікті деңгейде асырауға да, ауылдастарыңызға жұмыс тауып беруге де мүмкіндіктеріңіз болады. Бұл пилоттық жоба ретінде Жамбыл облысында өзінің жақсы нәтижесін көрсетті. Сондықтан жетісулықтар да жобаның игілігін көруі тиіс. Ол үшін, ауыл әкімдері халықпен

жұмыс істеңіздер, жоба туралы егжей-тегжейлі түсіндіріңіздер, – деді Бейбіт Өксікбайұлы. Сондай-ақ, ауданда 4 900-ден астам адам тұрғын үй кезегінде тұр. Соның биыл 400-ден астамы баспаналы болмақ. Бұл Нұркент ауылындағы төрт 60 пәтерлік және екі 80 пәтерлік тұрғын үйлерге қатысты. Көпқабатты үйлердің инженерлік коммуникациясы дұрыс жоспарланбағандықтан дайын үйді қолданысқа беру мүмкін болмаған. Облыс әкімі кәріз жүйесі, жылу жүйесі, электр желісі, кіреберіс жолдарға қатысты жобаларға тиісті қаражат қарастырылуына қолдау көрсетіп, мәселе шешімін тапқан. Алла бұйырса басапана кезегінде тұрған 400-ден астам жанұяның шаңырақ тойын тойлайтын күнде алыс емес. Аудан тұрғындарының жиын барысында көтерген басты мәселелері Садыр, Сартөбе, Алмалы ауылдарына жаңа мектеп салу. Осыған байланысты өңір басшысы ауданда балалар демалатын жазғы лагерь, Алмалы ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория құрылысын, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында қарастыруды, «Қорғас» ШЫХО маңынан көпшілікке арналған сыртқы дәретхана орнату, Жаркент қаласындағы автодромның қызметін жандандыру туралы шаралар қабылдансын және тағы да бірқатар мектептер мен Қонаев пен Шәмиев көшесінің қиылысына бағдаршам немесе жаяу жүргіншілер өткелін орнату мүмкіндігі қарастырылсын деген еді.

Кербұлақ ауданына барғанда Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалды музейі жаңарып, Шоқан ескерткіші мен кесенесіне күрделі жөндеу мен реставрация жүргізу қажеттігін айтты. Президенттің Жетісу облысына келген сапарында берген тапсырмасының бірі ретінде бұл мәселеге ерекше назар аударылып отыр. Құрылыс жұмыстарына республикалық бюджеттен 338 млн. теңге қарастырылғанын айтқан өңір басшысы осы нысандардағы жөндеу жұмыстарының қалай жүргізілетіні жөнінде мердігер мекеме өкілдерімен сөйлесті. Аудан орталығындағы «Эля» сауда орталығына барған өңір басшысы мұндағы әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің бағасы мен саудалану жайын сұрады. Сауда үйінің басшысы, жеке кәсіпкер К.Әміреевaның айтуынша, әлеуметтік маңызды азық-түлікке арналған сөрелерде Бақанастың күріші, Көксу зауытының қанты, Алматы өңірінің кеспе өнімдері сияқты маңызды тауарлар нарықтағы орташа бағадан төмен бағада саудаланып жатқанын айтты. Сауда нысаны «Жетісу» ӘКК-мен бірге әлеуметтік азық-түлік тауарларын қосымша қолдау жұмыстарын жүргізіп отыр. Ауданға тартылған инвестиялық жобалармен танысқан облыс әкімі компания басшылығына комбинаттың өз тарапынан рекультивация мәселесін шешуді қарастыруды, сол сияқты бизнестің әлеуметтік жауапкершілігіне назар аударып, Көксайдағы ескі мектептің құрылысына жәрдемдесу жағын ойласуды сұрады. Бұл мәселелерді алдағы уақытта жергілікті әкімдік пен инвестор бірге талқылайтын болады. Аудандағы өндіріс орындарын аралап, шағын және орта бизнесті дамытудағы «Ауыл аманаты» бағдарламасының жүзеге асырылу барысымен де танысты. Ауданда тұрғын үй құрылысының да қарқыны жаман емес. Биыл салынып біткен 60 пәтерлік екі үй кезектегі азаматтарға беріледі. Бұл үйлердің әрқайсысының жалпы ауданы 4700 шаршы метрден асады. Сондай-ақ Жоламан және Қарашоқы ауылдарының мәдениет үйлеріне күрделі жөндеу жасалуда. Сарыөзек ауылындағы орталық стадионның құрылысы жүріп жатыр. Облыс әкімі құрылыс жұмыстарының уақытылы әрі сапалы жүргізілуіне ерекше мән беруді қатаң тапсырды. Аудандық мәдениет үйінде тұрғындармен кездесіп, өңірдің алдағы бағыт-бағдары, былтырғы жылғы кездесуде көтерілген сұрақтардың шешімі жайлы баяндады. Өз сөзінде Бейбіт Исабаев ауданның су қоймалары мен каналдарын жөндеу шаралары, егін және мал шаруашылығының аяқ алысы жайлы айтты. Мәселен, Кербұлақ ауданы 113 мың гектардан асатын алқапқа ауыл шаруашылығы дақылдарын сепкен, соның 87% дәнді дақылдар. Аймақтың дәнді дақыл егудегі облыстағы үлесі қомақты, яғни 32% құрап отыр. Бұрынғы жылдарда бұл өңірде 3 мың гектарға жуық картоп егістіктері болған. Бірақ әлеуметтік маңызы бар бұл дақыл егістігінің алқабы соңғы жылдары азайған. Яғни аймақтың картоп, көкөніс өсіру әлеуеті толыққанды пайдаланылмай отыр. Сол сияқты қолданыстағы 9 бордақылау алаңының жүктемесін арттыру керектігін, құс өндірісін дамытуға қолайлы болғанымен өңірде бірде бір құс фабрикасы жоқ екенін айтты. «Ауданның ауыл шаруашылығында әлеуеті мол, алайда ауылшаруашылық өнімдерінің басым бөлігі шикізат түрінде сатылады. Мысалы, картоп пен сүтті өңдеумен айналысатын бірде-бір кәсіпорын жоқ, бұл бағытта жұмыс дұрыс жүргізілмей отыр. Сондықтан жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды толық қуатына шығару шараларын қабылдап, жаңа қайта өңдеу өндірістерін ашу үшін инвесторларды тарту керегін айтты Б.Исабаев. Бұл ауданда да жайылымдық жерлердің тапшылығы бірінші кезекте Шұбар, Жайнақ батыр, Көксу, Қаспан, Қоғалы ауылдық округтеріне тиесілі. Ал аталған округтерде әзірге небәрі 1,3 мың гектар жайылымдық жер учаскелері конкурсқа шығарылып берілген. Өткен жылы ауданда 132,8 мың гектар пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлері анықталды. Бүгінгі таңда оның небәрі 13,9 мың гектары мемлекет меншігіне қайтарылды. Облыс әкімі жер беру конкурс нәтижесінде бар жоғы 2 мың гектар ғана жер берілгеніне тоқталып, нақты тапсырмалар берді. Сондай-ақ тұрғын үймен қамтамасыз етуге бөлінген қаржыны тиімді пайдалану, бес елді мекенді ауыз су жүйесінің құрылысын монтаждау, алты елді мекенде жобалау жұмыстары жүрзіліп жатқанын, Сарыөзек ауылындағы тозған ауыз су құбырын ауыстыру жұмыстары мердігерлердің жауапсыздығынан аяқталмағанын, сот шешіміне сәйкес мердігер «Көлсай Строй» мекемесі жұмыстарды қыркүйек айына дейін аяқтауы тиіс екенін айтты. Ауданда газдандыру және автомобиль жолдарына бөлінген қаржылар мен атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Кездесудің сұрақ-жауап бөлімінде тұрғындар ауыз су, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің жетіспеушілігін, көшелерді жөндеу мен абаттандыру мәселелерін айтты. Текелі қаласындағы кездесуде табиғи газ, жол, ауыз су мәселелері көтерілген болатын. Моно қаладағы кезек күттірмейтін мәселе – таза ауыз су мәселесі. Экс әкім Амандық Баталовтың тұсында да күрмеуі тарқатылмай қалған бірден-бір мәселе. Бұл іске Мемлекет басшысы Қасым –Жомарт Тоқаев өзі араласып облыс әкіміне тапсырма берген-ді. Бүгінде Текелі қаласында халыққа таза су тарту бойынша қарқынды жұмыс жүргізіліп жатқанын айтқан өңір басшысы таза ауыз суға 2022 жылы республикалық бюджеттен 416,2 млн. теңге бөлінгенін айтқан болатын. «КазЕвроСтрой» мердігерлік ұйымы қолданыстағы ұңғымалардан инженерлік желілердің құрылысын бастады. Бүгінде 3,8 шақырым құбыр төсеу, көлемі 20 мың текше метр резервуарға топырақ әзірлеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Алдағы уақытта су құбыры мен құрылысты толық аяқтау үшін республикалық бюджеттен 477,3 млн. теңге бөлінеді деді өңір басшысы. Сонымен қатар жиында қала әкімдігі қарттар мен мүгедектерге арналған үйден Қора сүзгі станциясына дейін 4 сорғыны қосымша орнатумен 4 шақырым су құбырына ағымдағы жөндеу жүргізу жөнінде ұсыныс айтылды.

Сегіз аудан бір қаланың тыныс-тіршілігін жарты ай сайын аралап, атқарылған жұмыстар мен түйткілді мәселелерді жергілікті билік өкілдері қалай шешіп жатқанын көзбен көріп, аудан, қала тұрғындарымен жүздескен облыс әкімі енді Талдықорған қаласының әкімі Әсет Дүйсебекұлы Масабаевтың атқарған жұмыстарына баға беріп, қала тұрғындарымен жүздесетін болады.

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 5 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 Күй керуен
07.00 Таншолпан
08.25 Күй керуен
10.00 Ақпарат
10.10 Т/х «Жазықсыз жүрек»
12.00 «Өмір көркем»
13.10 Біздің сынып
14.10 «Дара»
14.50 Апта
16.00 Самалмен сырласу
17.15 Су перісі
20.00 «Ақорда»
20.10 Ашық алаң
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
01.05 «Сана»
02.55 Өмір көркем

ХАБАР

05.00 «Мегахит»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10.35 Мультфильм
11.40 Мультфильм
12.30 Мелек 2
14.00 «Айналайын»
15.00 «Бегом за денгами»
16.00 Сериал «Другая жизнь Анны»
18.00 Новости
18.30 Итоги
19.00 Біздің мақсат
21.40 Келінжан 4
23.00 Ұйқым келмейді
00.00 StartUP KZ

АСТАНА

06.00 «Кішкентай келін»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00 Практика
12.00 Осман т/х
13.00 Қара ниет
14.20 Королева игры
16.10 Алдараспан
19.20 И шарик вернется
21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Кешкі кездесу»
07.00, 04.30 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан»
09.00 Доброе утро Казакстан
10.20«Личное пространство»
10.50 «Сводные судьбы»
14.30 QOSLIKE
18.00, 02.15 Басты жаңалықтар
19.00, 02.40 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал Между двух огней
00.10 По законам военного времени. Победа
03.25 Паутина

КТК

07.05 «Дау дамайсыз»
07.30 Еріксіз махаббат
08.00 Жүрегімнің иесі
11.00 Бизнесмены
13.20 Хотя бы в кино
15.30, 01.30 Виктория мелодрама
19.30,03.50, 04.20 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «Возвращение»
00.00 «Стажер»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Ұлт ұяты»
11.40 «Әсем әуен»
12.00 «Әдебиет пен адамзат»
12.35 «Экорейд»
13.00 «Ел қамы»
13.30 «Қазақ үні»
14.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
14.25 «Жүрек сөзі»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жауһарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 Д/ф «Кең ауқымда»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Елге қызмет» /тікелей эфир/
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Ой-сарап»
19.30 «Жанашыр»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 02.30 Әзіл студио
06.30, 01.40, 04.30 Ватсап
07.00, 00.00 Күліп ал
08.00 31 әзіл
08.50 Мультфильм
09.00 Маша и Медведь
10.00 Удачи Чак!
12.30 Работорговля
14.20 Ограбление по-итальянски
17.00 Хороший динозавр
18.50 Джек Ричер
21.40 Джек Ричер-2
01.00 «Анупама»
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.20 Т/х Ұлы дала жанұясы
07.40 Тақиясыз періште
08.00 Жайдарман
09.00 «Гадалка»
09.30 Кукольный домик
13.30 Женский доктор
14.30 Қыздар ай
15.30 Шаншар
16.10 Әзіл тайм
17.00 Семейные узы
18.00 «Дорога домой»
21.00 Аппақ келін
21.30 Шырғалаң тағдыр
22.30 Концерт
01.30 Айналайын
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 6 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Ауылдастар»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 00.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Махаббат тұтқыны»
12.00, «Өмір көркем»
13.10 «Жанталас»
14.20 «Қызық екен»
15.10 «Әйел әлемі»
16.00 телехикая «Самалмен сырласу»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Мальчики налетчики»
07.00 «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.35 Мультфильм
11.40 Мультфильм
11.45 Тұлға
12.00, 20.00 «Үкім»
14.00 «Айналайын»
15.00 «Бегом за денгами»
16.00 Сериал «За витриной»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
21.45 Келінжан-2
23.00 Ұйқым келмейді
00.00 Дүлдүлдер дүрбісі

АСТАНА

06.00 «Кішкентай келін»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00 Практика
10.00 Қара шаңырақ
11.00 Қазбат телехикаясы
12.00 Осман т/х
13.00 Қара ниет
15.00 Ене
15.40,01.25 «Лестница в небеса»
18.00 Карина красная
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Кешкі кездесу»
07.00, 04.30 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.50 «Мужское/женское»
11.35 По законам военного времени
13.20 Татьянин день
14.10, 02.00 Новости
14.20, 02.05 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.05, Басты жаңалықтар
19.00, 02.20 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал Между двух огней
00.00 По законам военного времени

КТК

07.05, 04.20 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Еріксіз махаббат»
08.00 Жала мен Жауыздық
09.30 Вечерние новости
10.20, 01.15 «Было дело»
11.10 Дурь драма
12.20, 00.00 Стажер
14.20, 21.40 Возвращение
16.30, 02.10 «Екінші әйел»
17.50 Өткен күндер
19.30,03.50, 04.20 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
01.30 Виктория
03.10 Өткен күндер

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ой-сарап»
11.30 «Жанашыр»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.00 «AgroLife»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Елге қызмет»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жауһарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 Д/ф «Кең ауқымда»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Ой-сарап»
19.30 «Алаш таңы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 02.30 Әзіл студио
06.30, 01.40, 04.30 Ватсап
07.00, 00.00 Күліп ал
08.00 31-әзіл
09.00 Мультфильм
09.30 Мультфильм
09.45 Маша и медведь
10.30 Хороший динозавр
12.20 Джек Ричер
15.20 Джек Ричер-2
18.00 Кровавый спорт
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Широко шагая-2 расплата»
23.00 Жапырақтар төгілгенде
01.00 «Анупама»
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.15 Ұлы дана жанұясы
07.40 Т/х Тақиясыз періште
08.00 Жайдарман
09.00 «Дорога домой»
11.10 Женский доктор
14.30 Қыздар ай
15.30 Шырғалаң тағдыр
16.30 Аппақ келін
17.00 Семейные узы
20.00 Нулевой пациент
22.30 Нағыз әке
23.00 Жалдамалы әйелдер
01.30 Айналайын
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 7 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 Күй керуен
07.00 Таншолпан
08.25 Күй керуен
10.00 Ақпарат
10.10 Т/х «Жазықсыз жүрек»
12.00 «Өмір көркем»
13.10 Біздің сынып
14.10 «Ақ боз үй»
14.50 Апта
15.40 Алаштың арыс кеткен арыстары
16.00 Самалмен сырласу
17.15 Ашаршылық ақитаты
20.00 «Ақорда»
20.10 Ашық алаң
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
01.05 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Мальчики налетчики»
07.00 «Оян!»
10.00 «В фокусе»
10.35 Мультфильм
11.40 Мультфильм
11.45 Мультхикая
12.00, 20.00 «Мелек 2»
14.00 «Айналайын»
15.00 «Бегом за денгами»
16.00 Сериал «За витриной»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
21.45 Келінжан-2
23.00 Ұйқым келмейді
00.00 Бақыттың кілті еңбекте

АСТАНА

06.00 «Кішкентай келін»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00 Практика
10.00 Қара шаңырақ
11.00 Қазбат телехикаясы
12.00 Осман т/х
13.00 Қара ниет
15.00 Ене
15.40,01.25 «Лестница в небеса»
18.00 Карина красная
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Кешкі кездесу»
07.00, 04.30 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.50 «Мужское/женское»
11.35 По законам военного времени
13.20 Татьянин день
14.10, 02.00 Новости
14.20, 02.05 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.05, Басты жаңалықтар
19.00, 02.20 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал Между двух огней
00.00 По законам военного времени

КТК

07.05, 04.20 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Еріксіз махаббат»
08.00 Жала мен Жауыздық
09.30 Вечерние новости
10.20, 01.15 «Было дело»
11.10 Дурь драма
12.20, 00.00 Стажер
14.20, 21.40 Возвращение
16.30, 02.10 «Екінші әйел»
17.50 Өткен күндер
19.30,03.50, 04.20 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
01.30 Виктория
03.10 Өткен күндер

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ой-сарап»
11.30 «Алаш таңы»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.00 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 Д/ф «Кең ауқымда»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жауһарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Ділмар»
17.40 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Ой-сарап»
19.30 «Архивтегі ақиқат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 02.30 Әзіл студио
06.30, 01.40, 04.30 Ватсап
07.00, 00.00 Информбюро
08.00 Жапырақтар төгілгенде
09.00 Мультфильм
09.30 Мультфильм
09.45 Маша и медведь
11.00 Осторожно корова!
13.40 Х/ф «Широко шагая-2 расплата»
17.40 Двойной удар
20.00 Информбюро
21.00 Пастырь
23.00 Жапырақтар төгілгенде
23.50 31 әзіл
01.00 «Анупама»
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.15 Ұлы дана жанұясы
07.40 Т/х Тақиясыз періште
08.00 Жайдарман
09.00 «Дорога домой»
11.10 Нулевой пациент
12.30 Женский доктор
14.30 Қыздар ай
15.30 Шырғалаң тағдыр
16.30 Аппақ келін
17.00 Семейные узы
20.00 Нулевой пациент
22.30 Нағыз әке
23.00 Жалдамалы әйелдер
01.30 Айналайын
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЭКОНОМИКА

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ ҚҰПИЯСЫ

ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕТІН ӘЛЕМДЕ АҚША ТАБА БІЛУ – АДАМНЫҢ ҚАУІПСІЗ ЖӘНЕ ЕРКІН ӨМІР СҮРУІНЕ КЕПІЛДІК БЕРМЕЙДІ. ӘР АДАМ ӨЗІНЕ ҚАЖЕТТІ ЗАТТЫ, ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ, САЯХАТТАУДЫ, ОТБАСЫНА, ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫНА ҚАЖЕТТІ ҚАРЖЫ ЖИНАЙДЫ. БІРАҚ, БҰЛ ҚАДАМ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚҚА НЕМЕСЕ ЕРКІНДІККЕ ӘКЕЛГЕН ЖОҚ. СОНДЫҚТАН ЖАСТАРҒА ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІН ТЕРЕҢІНЕН ҮЙРЕТКЕН ЖӨН. ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – ӨЗ АҚШАСЫНА ДЕГЕН САУАТТЫ КӨЗҚАРАС.

Несін жасырайық, кейінгі жылдары қаржы пирамидаларына алданып жүргендердің де, алаяқтық арқылы ақша жасайтындардың да қатары артуда. Соның салдарынан трілішілігі бүлініп, отбасы ойрандалып жатқандар көп. Бәрі де тез баю, жеңіл жолмен ақша табу деген оймен осындай келеңсіздікке тап болады. Ол айналып келіп, қоғамның тыныштығын бүлдіріп, адамдардың қалыпты өміріне кесірін тигізеді. Мұндай жағдай нарықтық экономикаға бейімделген кез келген мемлекетте орын алады. Ал одан сақтану үшін жастардың қаржылық білімін арттырудың ұтымды жолын қарастыру керек.

Сонымен қаржылық сауаттылықты қалай арттырамыз? Жалпы, қаржылық сауаттылық – ақшаны басқару туралы білім. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ақшасы көп адам емес, оны дұрыс басқара білетіндер ғана жетістікке жетеді. Ақшаны басқарудың негізгі жолдары – оны үнемдеу, есебін жүргізіп отыру, білімге, тұлғалық дамуға инвестиция құю.

Қаржылық сауаттылықты арттыру стратегияларына келетін болсақ, Абай атамыз: *«Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмағанда айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!»* деген екен он бесінші қара сөзінде. Яғни, адам кірісі мен шығысын санап, өзіне есеп беруі керек. Екінші стратегия бойынша бір дүкендегі бағаны басқа дүкенмен салыстырып қарау қажет. Қай жерде арзан, қай жерде қымбат екеніне мән беру заңдылық. Адам қанша жерден бай болса да, бағаны бағамдағаны дұрыс. Қажетті дүниені ойланбай, бірден бір жерден ала салмаған жөн. Үшінші кезекте қаржылық қор болғаны жөн. Яғни, адам тапқан табысының жоқ дегенде 10 пайызын жинап отыруы керек. Көп азаматтар: «Ақшаның қайда кетіп қалғанын білмеймін» деп жатады. Оның барлығы осы қаржылық сауатсыздықтан туындайды. Мысалы, кей азаматтар айына миллиондап табыс тапса да, ұқсата алмайды. Кейбірі 100 мың табыспен-ақ отбасын асырап, тіпті, үй, көлік сатып алып жатады.

Статистикаға сүйенсек, жерлестеріміздің дені отбасылық кіріс пен шығысын тексеріп, жүйелі есеп жүргізбейді. Қажет кезінде оңды-солды несие алып, қарызданып, төлейтін уақыты туғанда шақшадай басы шарадай болып жүргендер жетерлік. Тіпті, тұтынушылық несие алу бойынша біздің ел рекордтық көрсеткішке жеткен. Дамыған елдерде несиеге жұмсалатын қаражаттың көлемі адамның жеке табысының 20%-нан аспайды екен. Бұл шынымен халықтың қажеттілігінен туындап отыр ма? Ол жайлы менің айтарым: Бізде азаматтар ақшасын үнемдемейді, қаржылық сауаттылығы төмен болған соң үлкен үстемелерге қарамай, құдды тегін балық үлестіргендей несиеге бас ұрады. Ал дамыған елдердің тәжірибесіне қарасақ, несиеге жұмсалатын қаражаттың көлемі табысының 20 пайызынан аспайды. Сондықтан біздің халық та осыны үйренуі керек. Қазақстандықтар несиені рәсімдеу үшін табысына қарамай, өтірік табыс көрсеткішін келтіріп жатады. Қарызды алу бөлек, оның қайтарымы бар. Ол үшін ең алдымен қаржыны жоспарлы түрде жұмсауды үйренген жөн. Дүкенге бармас бұрын, алатын заттардың тізімін жасап, кететін шығындарды есептеп шығу керек. Кеткен шығындарды есептеп жүріңіз немесе арнайы кітапша арнап, соған жазып отырғаныңыз дұрыс. Сол кезде қаржыңыздың қайда кеткенін бақылай аласыз. Ай соңында жазған кітапшаңызға назар салыңыз. Артық шығындарды көріп, ақша ұстаудағы өз кемшілігіңізді байқауға болады. Дүкеннен қалған тиындарды кез келген жерге қалдырмаңыз. Есіңізде болсын, ақша тиыннан құралады. Ұсақ тиындарды жинауды әдетке айналдыру керек. Күндердің күнінде ақшаңыздың қалай көбейгенін өзіңіз де байқамай қаласыз дегім келеді.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қаржылық пирамидалар белгілерінің тізімін бекітті, оған жосықсыз мінез-құлық практикасының 39 өлшемшарты кіреді. Қаржылық алаяқтық және қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы аталған агенттік жанынан 2020 жылы құрылды. Оның құрамына ҚР Ішкі істер министрлігі, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Бас прокуратура, Қаржы мониторингі агенттігі, Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілдері кіреді. Яғни алаяқтық әрекет туралы ақпарат келіп, ол дәлелденгеннен кейін қылмыстық іс қозғалады. Нәтижесінде адамдардың ақшасын заңсыз алатын компанияның веб-сайты бұғатталады.

Қаржы пирамидасын қалай анықтаймыз? Оған алданбау үшін не істеу керек? Классикалық қаржы пирамидаларының негізгі белгілеріне кредит, микрокредит беру, аударымдар мен төлемдерді жүзеге асыруға лицензияның есептік тіркеудің болмауы кіреді. Ал, интернет желісінде, оның ішінде әлеуметтік желілерде, жоғары кіріс пен пассивті кіріс алуға уәде беретін жаппай жарнаманың жүргізілуі, жаңа қатысушыларды тартқаны үшін сыйақы берілетіні туралы жалған ақпарат таратуда осының белгісі. Компания мен компания басшысының қызметі туралы нақты анықтаманың болмауы, жобаның атауларында, символикаларында, жарнамаларда белгілі компанияларға, брендтерге ұқсас сөздерді, сөз тіркестерін және танымал адамдардың суреттерін қолдану жиі кездеседі. Түрлі бағдарламалар негізінде халықтан автомобиль, пәтер, жер телімін сатып алуға ақша қаражатын тарту жағдайыда осыған жатады. Бұлардың бәрі күнделікті айналамызда болып жатқан жайттар. Осындай алаяқтың құрығына дұрыс ақпаратпен таныс емес, материалдық мәселені оңай шешкісі келетін, «алма піс, аузыма түс» деген ұстанымдағы адамдар тез ілінеді. Алаяқтық әрекеттердің соңында қарызға батқан немесе ақшасынан айырылған, сан соққан сауатсыз адам ғана қалады. Сондықтан кез келген жағдайда асығыс шешім қабылдамай ақпаратпен танысып, зерттеп, біліп алыңыз. Себебі қаржылық пирамиданың құрығына ілінгенді құтқару, тіпті, тәжірибелі мамандардың да қолынан келе бермейді.

Қ. УКЛИНОВА,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Zhansugurov College экономикалық пәндер оқытушысы.

МАМАН МІНБЕРІ

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – бүгінгі күннің басты талабы. Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің өзге мемлекетпен бәсекеге деген қабілетін төмендетіп, қоғамда демократиялық қайта құруды жүзеге асыруды тежеп, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді. Елдегі «бармақ басты, көз қысты» әрекет қарапайым халықтың мемлекетке, заң мен әділдікке деген сеніміне селкеу түсіреді.

Әділдік пен туралықтың, шындық пен ақиқаттың ара жігін ашып айтқан Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің туралығы бүгінгі біздің қоғамға ауадай қажет-ақ. Біздің ең қасиетті де қастерлі Қазақстан деген алтын бесігіміз сыбайлас жемқорлықтың індетінен ада болса екен деген мақсатта қоғамның барлық күш-жігері бірігіп, сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізуде.

Қоғамның жегі құртына айналған бұл дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының ел алдындағы азаматтық борышы деп білу керек.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы негізгі әрі нақты басымдықтың бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Ал осы мәдениетті қалыптастыруды мектеп қабырғасынан бастағанымыз жөн. Себебі, бүгінгі жас – ертеңгі елдің тізгінін қолына ұстап, елдің болашағы жолында адал қызмет ететін елдің азаматы. Сондықтан да біз мектеп ұжымы оқушыларға сыбайлас жемқорлық тақырыбын терең түсінулері үшін түрлі шараларды ұйымдастырамыз.

Жалынды жастарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті – адамның саналы түрде адамгершіліктің ауылынан алыстамай, лас іске қолын созбай, тазалықпен, адалдықпен, Отанға, елге деген патриоттық сезіммен жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін арттыруда көптеген игі істер атқарылып келеді.

Қазіргі таңда бұл дерттің қаншалықты зиян екенін өскелең ұрпаққа түсіндіріп, көкейіне құйып, санасына сақтау үшін ашық әрі қызықты жұмыс істеуіміз керек. Ол үшін ең әуелі жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізіп, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынуын қазірден бастап қатты қадағаласақ, ер-тең осы істің жемісін көреміз.

«Адалдық алаңы» жобасы біздің мектебімізде жүйелі түрде жұмыс істеп келеді. Жоба мақсаты бойынша бекітілген жоспарда ұдайы жеткіншектердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыру бағытында түрлі іс-шаралар атқарылады. Жас ұрпақты адалдыққа, парасаттылыққа, адамгершілікке, сыбайлас жемқорлықтың дертінен ада ету мақсатында мектебіміздегі «Парасат жолы» клуб мүшелерінің жұмысы жақсы нәтиже көрсетуде. Оқушыларымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасы қалыптасуы үшін қолдан келген барлық істі тиімді атқарып келеміз.

Жас ұрпақты адалдық, әділдік, парасаттылық жолына шақыра отырып, болашақ ел тізгінін ұстайтын есті, саналы, салиқалы, білімді, білікті ұрпақ етіп тәрбиелеу – біздің, яғни, ұстаздардың міндеті. Ертеңгі күніміздің жарқын әрі шуақты болуы үшін бүгінгі күнімізді бұлыңғыр етпеуіміз керек. Бұл бәріміздің ұрпақ алдындағы азаматтық парызымыз екенін ұмытпайық.

Әл-Фараби бабамыздың «Адамға ең алдымен білім емес, тәрбие берілу керек, тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы» деген ұлағатты сөзі әлі де өз маңыздылығы мен өзектілігін жоғалтқан емес. Себебі, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үлкен тәрбие мен саналықты қажет етеді. Сол себепті де ең бірінші ұрпағымыз адал, адами қаисеті жоғары, парасатты болсын десек, тәрбие өзегін үзіп алмайық, ағайын.

Назира БИСАРИНА,
№3 Қабанбай орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры.
АЛАКӨЛ АУДАНЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨЛЕҢ ӘЛЕМІ

ЖАСТАР ЖАЗА БЕРСІН!

Бүгінде поэзия тек кітапта, газет-журналда ғана емес, оның таралу ауқымы әлдеқайда кеңіп, қазақ өлеңі әлеуметтік желілерде, порталдар мен сайттарда, жалпы интернет кеңістікте кең қанат жайып келеді. Түрлі платформалардың молайғаны бір жағынан оқырман үшін тиімді болса, екінші жағынан оның шексіз ауқымының өзі шолу жасауда біршама қиындықтар туғызатыны тағы бар. Біраз жас ақындардың шығармашылығы шолу барысында қамтылмай қалып жатса, оның осындай өзіндік себептері болғанын еске салғым келеді.



Осылайша, бүгінгі әңгіме барысында қолымызға түскен жаңа жинақтармен, газет-журналдағы топтамалармен ғана шектелмей, заман талабына сай ғаламтор алаңында өткен жылдан бері жарық көрген өлеңдерді де біршама қамтуға тырыстық.

Алдымен бір басын ашып алатын мәселе, бүгінде қырық деген қырқадан асып, бел ортасына табан тіреген, ордалы орта буынға айналып, алдыңғы аға буынның өкшесін басып келе жатқан ақындар легін жастар қатарына қосудың ендігі жерде қисынсыз екенін атап өту керек. Бағдат Мүбәрак, Қалқаман Сарин, Ақберен Елгезек, Ерлан Жүніс, Тоқтарәлі Таңжарық, Ұларбек Нұрғалым сияқты көптеген қатарлас қаламгерлердің осы баяндама барысында қамтылмаған себебі де сол. Олардың шығармашылығы жастардың қатарында емес, қазақ әдебиетінің төрт аяғын тең басқан төл өкілі ретінде талдануы керек деп ойлаймын.

Жастардың аяқ алысына келсек, олар ширақ шабыспен өз тұрғыластары арасында иықтасып қатар келе жатқан тегеурінді топ. Әрине, әдебиетте ақынның деңгейі биологиялық жаспен өлшенбейді. Оны жас та болса, жарқырап шыққан бірқатар ақындардың қарым-қарқынынан анық аңғаруға болады. Расында, алдыңғы буынды кейде тамсантып, кейде күмәннің бұлтына орап, ойлантып қоятын олардың шығармашылық ізденістері де бөлекше.

Ербол Алшынбайдың «Тарымшы» поэмасын 2022 жылдың олжасы деуге болады. Ол арғықазақ пен бүгінгі қазақты ортақ кеңістікке тоғыстырған шығарма.

«Кемсеңде жұртым, кемсеңде,
Аранға түскен тарланым.
Басымды қоса берсем де,
Бағыңды ұстай алмадым!!!», – дейді жылан патшасы. Расында шығармада қазіргі қазақ қауымының осы заманға келіп маңдай тіреген рухани хал-ахуалы мифтік уақыт аясында өзінің бар себеп-салдарлық қатпарларымен ашылады. Фольклорды қанып ішкен, ұлттық құнармен әбден нәрленген, эпикалық тынысы кең ақынның көлемі де, көркемдігі де келісті туындысының көтерер жүгі ауыр. Елдік мақсат-мүдделер, түп-негізге оралу, қазақ дүниетанымының даралығы өлеңде қасаң моральмен емес, дәл осындай қыртысы қалың дүниелермен өрілсе керек.

Жанат Жаңқашұлы – өр мінезі, күрескер рухы өлеңінің өн бойынан есіп тұратын ақын. Ол заманға үнемі үн қатып отырады.

«Құйрығын құйын ұстап
қалыпты шығарда,
Жалына жалын тиіпті
мұнар-мұнарда.
Бостандық дейтін боз жорға
ғана жалғыз ақ,
Барымыз осы, қақы жоқ оның
құларға»,
– дейді Жанат ел тәуелсіздігі жөнінде. Оның өткен жылы жарық көрген, заманның запыранын айтқан «Екінші әлем. Уақыттың екінші тоғысында» сияқты толғамды шығармалары ақынның құлашын әлі де кеңге сермей түсетінін көрсетеді.

Ал **Мирас Асанның** алаштың ардақтысы Ақселеу Сейдімбекұлына жазған арнауына назар салыңызшы.

«Уақыт – оның ішінде,
Дала – оның жадында,
Намысы – алмас көк сүңгі
найзасының сабында!
Кеңістікке сүйеген алып басы –
алып төр,
Алып төрдің алдына аласармай
барып көр»,
– дейді ақын. Дәл осы сәт Ақселеу абыздың образы-ның қалқасынан қазақтың бүкіл қадірлілерінің тұлғасы қатар-қатар иық тіресіп тұрғандай көрінеді. Ғұмырдың мәні ар алдында ала-сармау, сол алыптардың амана-тына адал болу екенін тағы бір мәрте түйсінесің. Рухыңды оятып, жігеріңді жанитын Мирастың осындай қуатты өлеңдері қазақ поэзиясын байыта түсетіні сөзсіз.

Сол Мирас ақын «Менің әдеби ортам» өлеңінде «Мен шығысты Батырханша сүйемін» дейтіні бар. Иә, өткен жылы **Батырхан Сәрсенханның** «Жұмбақ арал» атты поэмасы «Айбоз» сыйлығына лайық деп танылды.

«Үлкен болу – міз бақпау
қайғылыға,
... жылынуды сезінбеу ай нұрына.
... Қатып, семіп қалар ма
осынша жан,
Суалғандай сезімдер, жасушалар», – деп жырлаған ақын тазалық ескен бейкүнә балалық болмысқа, саф әлемге деген талпынысын есіліп жазады. Жалпы Батырханның өлеңдерінде ерекше тартылыс күш бар. Оны оқығанда жұмсақ толқындар легі өз ырғағымен келіп жан дүниеңе жанасып жатқандай сезінесің.

«Қалалық құстар» кітабының авторы **Еділбек Дүйсеннің** қалам сілтесі бөлек.

«Міз бақпай мәңгі тұрмақ болады Күн – көк еркесі,
Жерді тұтас жапсам дейді жапырақтың көлеңкесі». Ақынның осы бір өлең жолдарынан табиғат кейпіндегі адамзаттың шектен тыс амбициясы аңғарылады.

«Бесігінен аунап кетіп
боранның...
Құлап түскем нәжісіне қоғамның.
О, Боз жусан!
Қырауыннан сілкініп,
Құшағыңа алшы мені,
Оралдым!»

Бұл өлеңдегі Жусан шөптің өзі ғана десек қателесеміз. Мұндағы Жусан бойына ілкі дәстүр туралы терең дүниетанымды сыйғызған рәміз кейпінде көрінеді.

Ал **Ұмтыл Зарықхан** болса:

«Байжігіттің «Бөкен жарғағын»
тыңдаймын кейде өзімді жоғалтып алмауым үшін
өзімді-өзім ұмыт қалдырмау үшін пәниге.
Қарашығымнан үгіліп,
алақанымнан уылжып тұратын
сонда тұтас бір дүние,
– дейді.

Өлеңдерінің өн бойы осындай түйдектеліп келетін туындыларында ақындардың тазалықты түп-негізден іздеуіне сүйсінесің, және теңіздей буырқанған өлеңдерді оқи түскің келеді.

Ақындар қоғамнан тыс өмір сүрмейді. Ол өзі тыныстаған саяси ахуалдың, маңайына жаппай жайылған мінез-мерездердің, шаншудай қадалған шерлі оқиғалардың арасында жүреді. Оның үстіне сырттай сезінуші ғана емес, өзі бел ортасында жүріп бастан кешуші болса әңгіме тіптен бөлек.

Өткен жылдағы қанды Қаңтар оқиғасы бірқатар жас ақындардың жүрегіне жүк түсірді, талай шерлі, ширығысты өлеңдер жазылды, әлі де жазыла берері кәдік. Соның ішінде **Файзулла Төлтайдың** «Көккөңбек керегелері» сол күндерде түрмелердегі жүгенсіз жәбірлеулер мен аяусыз азаптауларды көзімен көрген, сүйегімен сезінген өлең. Бұдан бөлек ақынның былтыр жариялаған басқа да бірнеше туындыларын нысанаға алдық. Жалпы оның тарихи-рухани мұралардан бойына қотарған қалың қоры қай өлеңінің болсын мазмұнын барған сайын қоюландыра түскен. Ол аядай шығармасының ішіне алапат ойларды сыйғыза салатынымен тәнті етеді. Әрине, формасына көп адам үрке қарағанымен, шығарма бейне бір прозаның үзіндісі сияқты көрінгенімен, өлең оның ішкі мазмұнында жатқанын ұғынасың. Оның өлеңдері бас-аяғы біріккен шеңберлік жүйеден шығып, түйісер нүктелері екі тарапқа еркін жайылған толқындық қасиетке ие. Ақ өлең формасына жоғарыда есімін атап өткен Еділбек Дүйсен, сонымен қатар **Тілек Ырысбек, Абзал Сүлеймен, Қарлығаш Қабай, Асылан Қуанышұлы, Ақжан Аманжол, Жұлдыз Молдағалиева** т.б. көптеген жастар өндіре жазып жүр. Ақ өлеңнің ауылына бет бұрған жастар қатары барған сайын артып келеді. Бірақ одан қорқудың, өлеңнің ертеңіне күмәндана қараудың қажеті жоқ. Себебі өлең бар, өлең өлген жоқ, қайта қазақ поэзиясында ақ өлеңнің алдын аршып-ашып берген аға буынның соқпағын

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨЛЕҢ ӘЛЕМІ

ЖАСТАР ЖАСАЙ БЕРСІН!

олар үлкен даңғылға айналдыруға талпыныс жасап келеді. Жаңа көркемдік кеңістікке деген жаппай ұмтылыс, өлеңдерде пәлсапалық-психологиялық контекстердің молырақ қылаң беруі – жас ақындардың шығармашылығына тән ортақ белгілер. Бұл өнер түрі ретінде өлеңнің әлемдік үрдістердің ықпалынан шет қалмағанын да көрсетсе керек. Дегенмен қазақ поэзиясында мүмкін бірнеше буын алмасқаннан кейін қара өлеңге қайтатындар қатары аз болмас деп топшылаймын.

Жыл қорытындысы үшін жинақталған кітаптардың арасында **Санжар Келекенің** «Мұң мен мехнат» және **Ержан Тоқтардың** «Қақпа алдындағы қараөлең» атты кітаптары да бар.

«Бәрі-бәрі себеппен,
Бәрі-бәрі салдармен.
Жүріп келем, тек әттең
Шындық іздеп жалғанмен».

Бұл – Санжардың торығуы мен тәубесі, ширығысы мен шуағы түгелдей тоғысқан кітап екен. Санжардың алда еркін көсіліп, құлашын соза түсетіндей ерек потенциалы аңғарылып-ақ тұр.

Ержанның өлеңдері – үлкен жолдан үмітті жайдары жастық жырлары. Оның шығармашылығына қатысты сүбелі сөз болашақтың еншісінде.

Алпамыз Файзолланың «Тұранның соңғы шерісі» балладасы мен арнаулары, **Ақерке Асанның** «Әйелдің жеті кереметі» циклді балладасы да назарымызды аударды. Алпамыстың тарих пен тұлғаларға қатысты, Ақеркенің әйелдің табиғаты мен сыр-сипаттарын ашудағы көркемдік ізденістері олардың бағытының оң екенін көрсетіп, алда әлі де тереңдей түседі деген сенімге жетелейді.

Жәнібек Әлиманның Ахмет Байтұрсынұлының рухына арналған топтамасы да өткен жылғы бәйгеде озық шыққан туындылар қатарында. Одан бөлек әлеуметтік желіде де жиі қалам тербеп жүр.

«Оқиды, түсінеді,
тасынады,
Өмірдің сыры сөйтіп
ашылады:
Бір жолды келесіге
жалғайтынын
Бір ауыз сөздің ғана
тасымалы...
Бір әріп бір әріпті
жетелерін,
Жетелеп бір ұғымды
әкелерін,
Сол ұғым басқа сөзге байланарын,
Байланып қалдырарын
ойға қалың».

Ахаңның тіл біліміне сіңірген ұшан-теңіз еңбегін ерек ойымен осылай сипаттайтын Жәнібек үнемі сенімді, сергек жырлайды.

Әсел Кәрібайда ортақ стандарттарға тәуелсіз өз ережесімен жүруге деген ұмтылыс бар. Жыл айналып соғатын көктемге кіріптар болмай-ақ, сол көктемді өз ішінен табатынына деген сенімділік бар.

«Кеудеме көк сеңгір
таулар көшіріп,
Көзіме көк барқыт
теңізді көшіріп,
Басымнан қарағай өсіп
шығардай,
Ернімнен бөртегүл өсіп
шығардай
Өзім де көктемге
айналармын»,

– дейді ақын қыз.

Әлеуметтік желіде өлеңін белсенді ұсынып отыратын жастардың бірі – **Азамат Нұрмұхан.**

«Қайғысы – шекер,
мұңы – бал,
Ақынмын өлең-жыры бар.
Отан! – деп, жүрек
соқпаса,
Кеудемнен оны жұлып ал!» – дейді Азамат. Оның өлеңдері тік мінезді, астарлаудан гөрі айтарын ашып беруге бейім.

Жас ақындар **Арайлым Мұраталиева мен Айгерім Тұрлығожаның** аяқалысына да сүйсініп отырамын.

«Қоңыр десе түседі анам еске,
Ол айтатын ертегі және
кеште.



Түседі кезеңдерім балаң еске,
Әйтпесе, басқа да түс бар
емес пе!»

Арайлымның шынайылығы, жырға жылтырақ қоспай, күңгірттікке ұрынбай, табиғи болмысын сақтап, өлеңімен бірге өсіп келе жатқаны қуантады. Онда көп адам елей бермейтін детальдарды дәлдеп, дәмдеп бере алатын байқампаздық бар.

«Сенсіз өмір
сүрмейтіндей біртүрлі...
Көмейімде сәруәр сөз
іркілді.
Көктөбеге алып
шықтым мұңымды,
Алматыға сыйлап
кеттім күлкімді»,

– дейді Айгерім. Оның аз, саз жазатын табиғатында шы-мырлық, ширақтық бар, дегенмен мұңының барған сайын қоюланғанын емес, жібектей жеңілдегенін қалар едік.



Ақындар **Хамит Есаман, Мерей Қарт, Рауан Қабидолдин, Қуаныш Өмірбек, Олжас Қасым, Қуаныш Жазай, Мерген Тоқсанбай, Дүйсенәлі Әлімақын, Асылбек Жаңбырбай, Әділет Шопен, Бекзат Смадияр, Айнұр Төлеу, Жадыра Байбұланова, Айжан Тәбәрак, Әлия Іңкәрбек, Ақжол Түменбай, Асыл Сұлтанғазы, Мұхтар Күмісбек, Айзада Рақымжанова, Айдана Сегізбаева, Ажар Ерболған** сияқты екпіні арынды жас ақындардың қатары едәуір. Бұл тізімді әлі де жалғастыра беруге болады. Олардың қай-қайсысы да ізденістен қол үзбей, жыл өткен сайын сыр мен сезімін, мінез бен машығын байытып келе жатқаны аңғарылады.

Жалпы жастардың бойында өзіне үңілу, бүкіл сұрақтың жауабын өз тереңінен іздеуге деген талпыныс ерекше. Тіпті қоғамның мұңын да өз мені арқылы жеткізеді. Осы ішкі еркіндікке деген құштарлық сыртқы формада да көрініс беріп отыр.

Оның үстіне қазір ғаламтордың мүмкіндігін тиімді пайдалана білген адамға ізденістің шексіз жолы ашылды. Шет тілдерін еркін меңгеру, шетел ақындарының өл-еңдерін түпнұсқадан оқу, өнер тарихымен кеңінен танысу т.б. мүмкіндіктер қазір мол. Соның бәрі бүгінгі жастардың шығармашылығына ерекше әсер етіп отырғаны қуантады.

Осы шолуда жас ақындардың жекелеген жолдарынан қасаңдық, ойларынан осалдық, ұйқастарынан мін іздеуді мақсат етпедім. Барынша жастарды оқығандағы өзімнің шынайы не сезінгенімді жеткіздім. Және бұл толғамдар тек бірер өлеңдерді оқи салғандағы асығыс айтылымдар емес, бұған дейін де көңілге тоқып, ойға түйіп жүргендерімнің бір парасы.

Жалпы жастар әдебиеті жоқ жерден, өздігінен бүгін пайда бола салған жоқ. Бүгінге дейін жастардың дәл осы деңгейде ойлай білуі үшін, дәл осы қалыпта жаза алуы үшін, дәл осылай жырлауы үшін қаншама буын еңбек етті, оларды алып иықтарына көтеріп, биікке баспалдақ жасап берді.

«Көрнекті ақын Әбу Сәрсенбаев:

Жалғасы бар әрбір ғажап ақ
таңның,
Ұшары бар сен ту тіккен
асқардың.
Алымды ұрпақ, айға қонсаң сен
бүгін,
Мен баспалдақ болдым
деп-ақ мақтандым!»

– дейтін бар еді «Баспалдақтар, биіктер» өлеңінде.

Жастар жаза берсін! Жастар жасай берсін!

Сағыныш НАМАЗШАМОВА,
ақын.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ГОСПОДДЕРЖКА

КТО МОЖЕТ РАССЧИТЫВАТЬ НА 1,5 МЛН ТЕНГЕ ЖИЛИЩНОЙ ПОМОЩИ

Государственная поддержка в сфере жилищных вопросов может помочь казахстанцам приобрести собственную квартиру. О том, кому положена такая помощь и как ее получить, читайте в материале NUR.KZ.

Чтобы приобрести собственное жилье, казахстанцам нужно иметь хотя бы 10% от его стоимости — такими обычно являются минимальные требования в рамках льготных ипотечных программ.

Но не всегда казахстанцы могут накопить такую сумму. Поэтому в некоторых случаях они могут рассчитывать на госпомощь в виде жилищных сертификатов — денег, которые используются в качестве первоначального взноса.

Размер помощи составляет 100% от первоначального взноса по ипотеке, но не более 1,5 млн тенге.

Кто может получить жилищный сертификат

Рассчитывать на безвозмездную госпомощь для оформления ипотеки могут казахстанцы, которые относятся к социально-уязвимым слоям населения (СУСН) и состоят в очереди на жилье.

К ним относятся:

- семьи, имеющие или воспитывающие детей с инвалидностью;
- многодетные матери, награжденные подвесками «Алтын алқа», «Күміс алқа» или получившие ранее звание «Мать-героиня», а также награжденные орденами «Материнская слава» I и II степени;
- многодетные и неполные семьи;
- востребованные специалисты, соответствующие условиям государственных ипотечных программ (например, в отрасли здравоохранения, образования, культуры, спорта, сотрудники правоохранительных органов, социального обеспечения, госслужащие и так далее);
- лица с инвалидностью 1 и 2 групп;
- дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей или потерявшие родителей до совершеннолетия и не достигшие двадцати девяти лет;
- ветераны боевых действий на территории других государств.

При этом для данных категорий граждан имеются требования по уровню доходов.

Так, совокупный доход (зарплаты, пособия, пенсии, стипендии и так далее) на одного члена семьи за последние шесть месяцев не должен превышать 3,1 от прожиточного минимума (в 2023 году равен 40 567 тенге).

То есть, если на одного члена семьи из категории СУСН за последние полгода приходилось менее 125 757 тенге, то такая семья может рассчитывать на получение помощи в виде жилищного сертификата.

Как подать заявку

Обычно для получения жилищного сертификата необходимо собрать следующий пакет документов:

- заявление по форме;
- документ, удостоверяющий личность заявителя и членов семьи;
- справка о доходах за последние шесть месяцев;
- справка с места работы;
- письмо банка об одобрении выдачи жилищного займа.

Сначала заемщик должен обратиться в банк и получить положительный ответ на заявку в рамках льготных ипотечных программ. При этом сотрудников банка нужно уведомить о намерении потратить на первоначальный взнос жилищный сертификат.

Затем надо обратиться в местный исполнительный орган, в котором принимают заявки для выдачи госпомощи. Например, в Алматы это Управление жилищной политики города.

Следует отметить, что условия назначения, размеры помощи, сроки и ответственные органы для приема заявок могут отличаться в зависимости от региона.

АКТУАЛЬНЫЙ ВОПРОС

ОБСУДИЛИ ВОПРОС О НЕКОРРЕКТНОГО ОБРАЩЕНИЯ ТАКСИСТОВ

НА ЗАСЕДАНИИ СОВЕТА ПО ТУРИЗМУ ГОРОДА АЛМАТЫ ПРЕДСТАВИТЕЛИ БИЗНЕС-СООБЩЕСТВА, ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ ОБСУДИЛИ ВОПРОС НЕКОРРЕКТНОГО ОБРАЩЕНИЯ ВОДИТЕЛЕЙ ТАКСИ С ИНОСТРАННЫМИ ГРАЖДАНАМИ НА ТЕРРИТОРИИ МЕЖДУНАРОДНОГО АЭРОПОРТА АЛМАТЫ, ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ.

По словам предпринимателей, эта проблема не новая, но требует скорейшего решения.

«На просторах Интернета на начало текущего года, то, что мне удалось найти, 3-4 случая по некорректному обращению водителей такси к иностранцам, в наших отраслевых чатах, где мы ведем обсуждения, то там около 5-6 случаев. Наверное, у представителей правоохранительных органов статистика другая. Тут есть моменты, на которые хотелось бы обратить ваше внимание, данный вопрос длится не один год, а на протяжении нескольких десятилетий. Это нормальная практика во многих странах, да, есть факты мошенничества, и никто этого не избежал. Но с нашей стороны необходимо предпринимать какие-то меры для решения данного вопроса», – отметил Директор ТОО «Qara Qystyk» Ринат Кадыров.

По словам спикера, для понимания этой сложной ситуации, даже 4-5 случаев несут массовый характер для имиджа города.

«Это, возможно, не так много и не так сильно значимо. Но здесь необходимо учитывать закон распространения негативной информации. Вы можете посадить сто деревьев и об этом никто не узнает, вы можете срубить одно дерево и об этом узнает весь мир. То есть, в случае с туризмом аналогичная ситуация», – добавил спикер.

Председатель Палаты предпринимателей Алматы Ауез Таймбетов поддержал представителей рынка. Он напомнил, что в этом году Казахстан и Китай вводят взаимный безвизовый режим на 30 дней с момента пересечения государственной границы двух стран.

«Для Алматы туризм один из основных отраслей развития. В этом году ожидается очень большой поток туристов. У нас первая необходимость - это подготовиться к сезону 2023 года информированию туристов. По возможности убрать все барьеры, которые могут ограничить поток туристов. Вопрос порядка на территории аэропорта будет решать на Совета по транспорту», – отметил Ауез Таймбетов.

На сегодняшний день, начиная с центральных органов, отраслевых, «Казах туризм», министерства культуры и спорта, отраслевые и городские ведомства управления туризма, тратят значительные средства на формирование положительного образа страны и повышения привлекательности для иностранных граждан. Туристский рынок считает, достаточного иногда одного, двух фактов несправедливого отношения к туристам, десятки и сотни миллионов, потраченные на положительный образ страны, просто ушли в некуда.

Предприниматели эту проблематику разделили на три основных группы. Первый вопрос касается определения зоны ответственности госорганов. Второй вопрос касается текущей подготовки на 2023 год для встречи туристов. Третий вопрос – решение этой проблем на системном уровне.

«Вопрос, определения зоны ответственности мы обсуждали еще в 2018 году. Тогда мы не смогли определить, кто конечный ответственный за парковки на территории аэропорта, кто ответственность несет за работу таксистов, частный извоз, за организацию перевозок. Эти вопросы были адресованы и руководству Международного аэропорта, и линейную полицию, в районный отдел полиции. То есть чтобы понять какая логика взаимодействия, кто несет ответственность, кому обращаться, получить информационную справку с дальнейшими действиями как работать с фактами мошенничества, какой будет алгоритм действия», – подчеркнул Ринат Кадыров.

Начальник административной полиции Аэропорта г. Алматы Шухрат КАДЫРОВ подтвердил, что на сегодняшний день идет полная подготовка приема гостей и поблагодарил сотрудников Департамента полиции города Алматы за работу в обеспечении безопасности на воздушной гавани. Он рассказал о ходе совместной работы полиции, прокуратуры.

«Со следующей недели у нас на территории будут зайдествованы три наряда «Ұлттық Ұлан». Будут стоять чтобы мы назойливых таксистов немножечко отдаляли от прибывших в аэропорт. Линейный отдел полиции отвечает за порядок на территории аэропорта. За пределами аэропорта уже зона ответственности отделения полиции Туркисбского района. Также перед входом в аэропорт также выделили сотрудников», – проинформировал Шухрат Кадыров.

По словам спикера, полиция не может привлекать к ответственности недобросовестных таксистов без заявления от граждан. Если поступает заявление, первое действие штраф или предупреждение. После судебный материал.

«Мы отправили запрос в КГД для того, чтобы они привлекали данных таксистов по незаконному предпринимательству. Мы не имеем права», – добавил спикер.

Авиационной транспортной прокуратурой города Алматы даны разъяснения некоторых вопросов в сфере законодательства Республики Казахстан. В части не привлечения частных извозчиков к уголовной ответственности по стать 190УК РК (мошенничество).

Так, по словам прокуроров, статья 190 УК РК не может быть применена к извозчикам по причине отсутствия состава преступления, то есть договор, заключенный между водителями такси и иностранцами, является гражданско-правовыми отношениями и не несет какую-либо уголовную ответственность.

«Более того, после поступления заявления в органы полиции, проводится комплекс мероприятий на установление личности и наличие совершенных действий со стороны таксистов для привлечения их к административной ответственности по статье 449 КоАП РК», – отметил Прокурор Авиационной транспортной прокуратуры Абай Сыдыков.

Ход решения вопроса будет рассмотрен на следующем заседании Совета по туризму города Алматы.

НАШ КОРР.

Бейсенбі - Четверг, 8 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Ауылдастар»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 00.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Махаббат тұтқыны»
12.00, «Өмір көркем»
13.10 «Жанталас»
14.20 «Қызық екен»
15.10 «Әйел әлемі»
16.00 телехикая «Самалмен сырласу»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Мальчики налетчики»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бізге хабарласқан»
10.35 Мультфильм
11.40 Мультфильм
11.45 Мультхикая
12.00, 20.00 «Үкім»
14.00 «Айналайын»
15.00 «Бегом за денгами»
16.00 Сериал «Магомаев»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
21.45 Келінжан-2
23.00 Ұйқым келмейді
00.00 Жеті қазына

АСТАНА

06.00 «Кішкентай келін»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00 Практика
10.00 Қара шаңырақ
11.00 Қазбат телехикаясы
12.00 Осман т/х
13.00 Қара ниет
15.00 Ене
15.40,01.25 «Лестница в небеса»
18.00 Карина красная
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Кешкі кездесу»
07.00, 04.30 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.50 «Мужское/женское»
11.35 По законам военного времени
13.20 Татьянин день
14.10, 02.00 Новости
14.20, 02.05 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.05, Басты жаңалықтар
19.00, 02.20 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал Между двух огней
00.00 По законам военного времени

КТК

07.05, 04.20 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Еріксіз махаббат»
08.00 Жала мен Жауыздық
09.30 Вечерние новости
10.20, 01.15 «Было дело»
11.10 Дурь драма
12.20, 00.00 Стажер
14.20, 21.40 Возвращение
16.30, 02.10 «Екінші әйел»
17.50 Өткен күндер
19.30,03.50, 04.20 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
01.30 Виктория
03.10 Өткен күндер

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ой-сарап»
11.30 «Жетісудағы репрессия»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.00 «Эко-рейд»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Бүгін» (Жетісу)
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жауһарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Жүрек сөзі»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир (Жетісу)
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Ой-сарап»
19.30 «Ел қамы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетісу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 02.30 Әзіл студио
06.30, 01.40, 04.30 Ватсап
07.00, 00.00 Информбюро
08.00 Жапырақтар төгілгенде
09.00 Мультфильм
09.30 Мультфильм
09.45 Маша и медведь
11.00 Осторожно корова!
13.40 Х/ф «Двойной удар»
15.45 Пастырь
17.40 Терминатор
20.00 Информбюро
21.00 Добро пожаловать в рай!
23.00 Жапырақтар төгілгенде
23.50 31 әзіл
01.00 «Анупама»
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.15 Ұлы дана жаңұясы
07.40 Т/х Тақиясыз періште
08.00 Жайдарман
09.00 «Дорога домой»
11.10 Нулевой пациент
12.30 Женский доктор
14.30 Қыздар ай
15.30 Шырғалаң тағдыр
16.30 Аппақ келін
17.00 Семейные узы
20.00 Нулевой пациент
22.30 Қанатсыз құстар
23.00 Жалдамалы әйелдер
01.30 Айналайын
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 9 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.25 Әнұран
06.05, 03.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.35 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан» Таңғы ақпараттық-сазды бағдарлама
10.10, 18.00 Т/х «Жазықсыз жүрек»
12.00 «Өмір көркем»
13.10 Т/х «Біздің сынып»
14.20 М/ф «Су перісі»
15.05 «Қызық екен...»
15.50, 02.05 «Гаухартас»
17.15 М/ф «Су перісі»
20.35 «Ашық алаң»
21.30 Көңіл толқыны
22.30 Т\Х «Бауырлар»
23.20 «Әзіл әлемі»
00.00 «Парасат майданы»
01.10 «Өмір көркем»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Сериал «Любимые дети»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Менің өмірім»
10.30 «Мандай тер»
12.00, 20.00 Т/х «Мелек-2»
14.00 «AinaLine»
15.00 «Бегом за деньгами»
16.00 «Человек без сердца»
18.00 «Новости»
18.20 Ток шоу. «Итоги»
19.00 «Қорытынды жаңалықтар»
19.20 Ток шоу. «Біздің мақсат»
21.45 «Қызық times»
22.45 Мегахит. «Город банд»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.30 Т/х «Кішкентай келін»
07.20 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00 Сериал «Практика»
10.10 «Президент пәрмені»
10.25 Т/х «Әке»
12.20, 21.00 «Осман» түрік телехикаясы
13.20 Т/х «Қара ниет»
15.30, 23.45 Сериал «Склифосовский»
18.00 Сериал «Другая жизнь Анны»
20.00 «Astanatimes»
21.55 «Тағдыр талқысы», үнді телехикаясы

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Кешкі кездесу» бағдарламасы
07.30 «П@утина» бағдарламасы
08.20 «Көреміз!»
09.20 «Жить здорово»
10.10 «Мужское/женское»
11.05 Сериал «На самом деле»
12.05 «Трейдер»
13.15 Сериал «Татьянин день»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 «Кослайк»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz» бағдарламасы
20.00 «Главные новости»
20.35 «Поле чудес»
21.55 «Часы с кукушкой»
01.50 «Повара на колесах»
02.35 «Новости»
02.45 «Жаңалықтар»
02.55 «Кешкі кездесу» бағдарламасы
03.55 «Басты жаңалықтар»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Алтын бақ», корей телехикаясы.
08.00 «Жүрегімнің иесі». Өзбек телехикаясы.
09.30 Вечерние новости
09.40 «Было дело»
10.30 «Ловушка»
12.30 «Без тебя» мелодрама (повтор)
15.00 «Қара гүлдер» өзбек телехикаясы
17.40 «Өткен күндер», өзбек телехикаясы.
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «КТК web»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Убийство по пятницам-2» драма
01.50 «Было дело»
02.25 «КТК web»
03.10 «Сүйген жүрек» телехикая (қайталау)
04.10, 04.10 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ой-сарап»
11.30 «Ел қамы»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.00 «Жанашыр»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Сегодня» (Жетісу)
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жауһарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 Д/ф «Кең ауқымда»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Ел мен жер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетісу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.00 Әзіл студио
06.30, 02.00, 04.30 Whats up?
07.00 Информбюро
08.00 «Күліп ал»
09.00, 23.10 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
10.00 «Құнсыз келін» үнді телехикаясы
11.00 М/ф «Команда Мстители»
12.00 М/с «Маша и медведь»
13.00 Х/ф «Все или ничего»
15.40 Х/ф «Неоспоримый-2»
17.50 Х/ф «Неиспоримый-3»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Обитель зла: последняя глава»
00.10 «31 әзіл»
01.00 «Анупама»
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Batlle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 00.10 Т/х «Ата-ана, балашаға»
07.40, 00.40 «Айна online»
08.00, 01.10 «Жайдарман»
09.00 Сериал «Когда прошлое впереди»
11.10 Сериал «Гости из прошлого»
12.20 Сериал «Женский доктор»
14.30 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15.40 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
17.00 Сериал «Семейные узы»
18.00 Жаңа кезең
18.20 Сериал «Суфлер»
22.00 «Жұлдызды шаңырақта»
22.40 Т/х «Қанатсыз құстар»
23.30 Т/х «Пәленшеевтер»
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 10 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.40 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30, 20.00, 03.00 «Ақпарат»
07.05 «Нартәуекел»
08.10 «Күй керуен»
08.40 «Көңіл толқыны»
09.25 «Ізгілік ізі»
10.00,18.00 Т/х «Жазықсыз жүрек»
12.00 «Қазақстан дауысы. Балалар»
14.00 «Жүрегіңнен бір орын бер» концерті
16.00 Мультфильм «Моана»
17.35 «Өзекті»
20.20 «Ақорда»
20.30 «Қазақстан дауысы. Балалар»
22.30 Т\Х «Бауырлар»
23.20 «Біздің сынып»
00.50 Футбол. УЕФА чемпиондар лигасы
03.30 «Өзекті»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
06.45 Концерт «Қазақтың жігіттері»
09.00 «Құс қанат ғұмыр»
09.30 «Спорт тайм»
10.00 Мегахит «Город банд»
12.00 М/ф «Где дракон»
13.30 «Стартап кз»
14.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
14.30 «Қызық таймс»
16.00 «Алғашқы»
17.00 «Маска»
19.00 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
21.00 «7 күн»
21.40 «Бұл осылай болған еді...»
22.15 Мегахит «Однажды в Стокгольме»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.30 Т/х «Кішкентай келін»
07.20 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00 Сериал «Любоаытная варвара»
12.20, 21.00 Т/х «Осман»
13.20 «Көшпенділер»
16.00 «Ащы шындық» тележоба
18.00 «Шаншар»
20.00 «Сарап таймс» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.55 «Тағдыр талқысы»
00.15 «Жұлдызбысың?»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.10 «П@утина» бағдарламасы
08.05 «Не хочу жениться!»
09.55 «Гражданка Катерина»
14.30 «Qoslike» бағдарламасы
18.30 «Айна» бағдарламасы
19.00 «Год собаки»
23.00 «Две звезды. Отцы и дети» новый сезон
01.05 Кино «Родители года»
02.20 Т/х «Эмма»
03.20 «Той базар»
04.05 «П@утина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Мәссаған»
07.30 «Алтын бақ», корей телехикаясы
08.00 «Көңілді отбасы», ток-шоу
08.50 «КТК web» (қайталау)
09.20 «Вечерние новости»
10.00 «Смеяться разрешается» шоу-программа
11.00 «Убийство по пятницам-2» детективная драма
15.00 «Өткен күндер» өзбек х\ф
17.20 «Алдараспан»
21.00 «Вторая первая любовь» мелодрама
01.20 «Смеяться разрешается»
02.30 «Көңілді отбасы» өзбек х\ф
03.15, 04.30 «Алдараспан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 М/ф «Татонка»
11.30 «Ел мен жер»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.00 «Алаш таңы»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 Д/ф «Кең ауқымда»
15.00 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Ділмар»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Безбен»
19.40 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетісу)
22.00 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 05.00 Әзіл студио
07.00, 04.30 Тамаша лайф
08.00 Күліп ал
08.30 М/с «Маша и медведь»
09.30 Готовим с Адель
10.00 «Чужой ребенок»
13.50 Х/ф «Неоспоримый-3»
16.00 Х/ф «Три богатыря и морской царь»
17.50 Х/ф «Коати. Легенда джунглей»
19.50 Х/ф «Робот по имени Чалпи»
22.30 Х/ф «Штурм белого дома»
01.20 «Біздің шоу»
02.50, 05.20 «1001 әзіл»
03.00 «31 әзіл»
04.00 Bala Batlle
05.30 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.50, 01.30 «Жайдарман»
08.30, 01.00 «Жұлдыздың жары»
09.00 «Юморина»
10.50 «Суфлер»
15.00 «Жұлдызды шаңырақта»
15.40 «Әзіл тайм»
16.40 «Женщина его мечты»
21.00 Сериал «Альтар тристана»
02.30 «Келесі кім?»
03.20 Т/х «Япырай»
04.10 «Жеңіп көр»

Жексенбі - Воскресенье, 11 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.25 Әнұран
06.05, 03.00 «Жәдігер»
06.30 Ақпарат
06.50 Ақорда
07.00, 01.55 «Күміс көмей»
07.35 «Дәуір даналары»
08.20 «Ақсауыт»
08.45 «Балапан»
09.20, 21.45 «Көңіл толқыны»
10.00, 18.00 Т/х «Жазықсыз жүрек»
12.00 «Қазақстан дауысы. Балалар»
14.00 М/ф «Моана»
15.35 «Гауһартас»
16.45 «Әзіл әлемі»
20.00 «Апта»
20.50 «Дара» білім бәйгесі
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 Т/х «Біздің сынып»
01.05 «Апта»
02.40 «Ақсауыт»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
06.15 Концерт «Жан сырым»
08.00 Кәсіпқой бокс
11.00 Әсем әндер
12.00 М/с «Капитан семи морей»
13.15 «Невероятные приключения Нильса»
13.30 «Балақай»
14.15 «Әрекет»
14.45 «Шашу»
15.45 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
17.30 «Маска»
19.30 «Мандай тер»
21.00 «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских расследовний»
22.15 «Город тайн»
00.15 «Киноман»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.30 Т/х «Кішкентай келін»
07.25 Мультфильм «Маша и медведь»
09.10 «Таңғы фест»
09.50 Сериал «Любопытная варвара»
12.20, 21.00 «Осман» түрік телехикаясы
13.20 «Алдараспан»
17.00, 00.40 Х/ф «Рекетир»
18.50 Х/ф «Кочевники»
21.55 «Тағдыр талқысы»
00.15 «1бол»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.45 «П@утина» бағдарламасы
08.50 «Воскресные беседы»
09.00 «Байконур. Первый на планете земля»
09.55 «Проуют»
11.00 «Қаймақ»
11.30 Х/ф «Северное сияние»
13.30 «Год собаки»
17.35 «Пальма»
20.00 «Грани»
21.00 «Соломоново решение»
01.10 «Что? Где? Когда?»
02.25 «П@утина» бағдарламасы
03.10 «Той базар»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Көңілді отбасы»
07.50 «Алдараспан»
09.30 «Смеяться разрешается»
10.40 «Вторая первая любовь» мелодрама
15.00 «Өткен күндер»
18.40 «10-дық топ»
21.00 «Компаньонка»
01.00 «Шлагбаум»
02.15 «Көңілді отбасы»
03.00, 04.30 «10-дық топ»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Безбен»
11.40 «Әсем әуен»
12.00 М/ф «Татонка»
12.35 «Әсем әуен»
13.00 «Архивтегі ақиқат»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Ділмар»
15.00 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Жүрек сөзі»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 02.30 Әзіл студио
07.00, 02.20, 05.30 Whats up?
08.00 Тамаша лайф
09.00 «Телебинго»
09.25 Готовим с Адель
10.00 «Теннис шоу»
10.20 М/с «Маша и медведь»
10.50 Х/ф «Три богатыря и морской царь»
12.40 М/Ф «Коати. Легенда Джунглей»
14.40 Х/ф «Робот по имени Чаппи»
20.20 Х/ф «Законопослушный гражданин»
22.50 Х\Ф «Обитель зла: последняя глава»
01.00 «Алдараспан»
03.00 1001 әзіл
03.30 Ризамын
04.00 «31 әзіл»

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
06.50, 00.10 «Әзіл тайм»
07.40 Т/х «Красавица/ Нұрдаулет»
09.00 «Измайловский парк»
11.00 Сериал «Альтар Тристана»
15.00 Т/х «Қызықты weekend»
16.00 Сериал «Алмазы цирцеи»
20.10 Сериал «Отель Толедо»
01.10 «Жұлдыздың жары»
01.40 Жайдарман
02.40 Келесі кім?
03.10 Т/х «Япырай»
03.40 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРҒА БЖЗҚ-дан БЕРІЛЕТІН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ ТУРАЛЫ

БЖЗҚ өз салымшыларына (алушыларына):

– міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі,

– ерікті зейнетақы жарналары және тобы мен мерзіміне қарамастан мүгедектігі бар адамдар БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтары есебінен белгіленген кесте бойынша жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына толғанға дейін зейнетақы төлемдерін алуға құқылы екені туралы хабарлайды.

Салымшыға (алушыға) өзінің мәртебесін растайтын құжаттарды көрсетудің қажеті жоқ. БЖЗҚ салымшының (алушының) Қазақстан Республикасының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңына сәйкес берілетін келісімімен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі" ақпараттық жүйесінен мәліметтерді веб-сервис арқылы сұрау жолымен мүгедектіктің (тобы, белгіленген мерзімі) болуын дербес тексереді. Бұл әрекет Еңбек министрлігі, Мемлекеттік корпорация және БЖЗҚ арасында жасалған келісім шеңберінде "Азаматтарға арналған үкімет "Мемлекеттік корпорациясы" арқылы жүзеге асырылады.

Зейнетақы жинақтары төлеміне өтінішті БЖЗҚ-ға enpf.kz сайты, кеңсеге жеке жүгіну немесе сенім білдірген тұлға, сондай-ақ, пошта арқылы беруге болады.

Өтінішті enpf.kz сайты арқылы беру туралы толық нұсқаулықты осы жерден көруге болады.

БЖЗҚ-да мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға барып қызмет көрсету ұйымдастырылғанына назар аударамыз. Бұл ретте алдын-ала кеңес беру, оның ішінде қызметтерді қашықтықтан, Қор кеңсесіне бармай-ақ алу мүмкіндігіне тексеру жүзеге асырылады.

ЗЕЙНЕТ ЖАСЫНА ТОЛҒАН, БІРАҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН АЛУ ҮШІН БЖЗҚ-ға ЖҮГІНБЕГЕН ОТАНДАСТАРЫМЫЗҒА МАҚСАТТЫ ХАБАРЛАНДЫРУ ЖҮРГІЗІЛДІ

БЖЗҚ жыл сайын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен (Мемлекеттік корпорация) бірлесіп, зейнет жасына толған және БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, бюджет қаражаты есебінен жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алатын, бірақ БЖЗҚ-ға төлем үшін жүгінбеген адамдарды анықтау тұрғысынан салыстырып тексеруді жүргізеді.

Салыстыру нәтижелері бойынша 2023 жылдың басында жоғарыда аталған санаттағы 180 мыңнан астам адам анықталды.

Зейнетақы жинақтарын төлеуді жүзеге асыру мақсатында Мемлекеттік корпорация ағымдағы жылдың сәуір айында мобильді азаматтар базасында (бұдан әрі – МАБ) тіркелген алушыларға зейнетақы жинақтарын төлеу бойынша проактивті қызмет көрсетуге келісімін алу үшін sms-хабарламалар жіберді.

Айта кету керек, сәйкестендіру барлық алушылардың телефон нөмірлері МАБ-да тіркелмегендігімен қиындық тудырады. Бұдан басқа, Мемлекеттік корпорация 57 мыңнан астам адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткенін, сондықтан Мемлекеттік корпорациядан төлем алмайтынын анықтады. БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын алмағандардың арасында зейнетақы жинақтары төлемін алуға қайтыс болған адамдардың өтініш білдірмеген мыңға жуық мұрагерлері де бар. Тағы бір санат – жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына толған және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алып жүрген адамдар.

Алайда зейнетақы төлемдерін алуға жүгінбеген тұлғаларды анықтау жұмыстары әлі де жалғасуда. Осыған байланысты БЖЗҚ "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес зейнет жасына толған және БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдар БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алуға құқылы екенін және БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелеріне уақытылы жүгінуге кеңес береді.

Егер алушы төлем алуға өтініш бермесе, зейнетақы жинақтары оның жеке зейнетақы шотында сақталып, оған инвестициялық кіріс есептеле береді.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері өтініш берілген күннен бастап тағайындалып, зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

МАМАН МІНБЕРІ

ҚОЛДАНЫС АЯСЫН КЕҢЕЙТУ ЖОЛЫНДА

Тәуелсіздік жылдары ана тілдік кеңістікте көп жағдай өзгерді. Ең бастысы егемендіктің елең-алаңында мемлекеттік мәртебеге ие болған тіліміздің қолданыс аясын кеңейте түсуге ықпал ететін құқықтық, заңдық негіздер қаланды. Мемлекеттік бағдарлама да қабылданды.

Бұдан басқа да пәрменді шаралар жүзеге асырылуда. Тәуелсіздік дегеніміз біріншіден саяси азаттық деген ұғымды білдіреді. Бұл сонымен қатар, рухани бостандық, оның өзегі болып табылатын тілдің еркіндігі. Осыған орай, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуының қайта құру кезеңінен бастау алып, 1989 жылы арнайы заң қабылдануы кездейсоқ болмаған. Бұл мәртебе еліміз егемендікке жетіп, мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан кейін конституциялық шешімін тапты. 1997 жылғы «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңда тіліміздің негізгі құқықтық қағидалары одан әрі дамытылды. Осы заңды жүзеге асыру мақсатында бірнеше маңызды құжаттар қабылданып, алдағы басым бағыттар мен міндеттер айқындалды.

Бұл тұрғыда еліміздің сот жүйесінде де елеулі жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының 2009 жылдың 27 ақпанындағы «Іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру туралы» №36 үкімі республикамыздың барлық сотында қолданылады. Қазір іс қағаздарын жүргізу номенклатурасына сәйкес жүргізілетін кітаптар, есептік карточкалар, сот тәжірибесінің талдаулары, жедел кеңес және семинар сабақ хаттамалары, жоғары сатыдағы соттармен және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат алмасу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мемлекеттік тілде қаралып жатқан сот отырыстарының саны да барған сайын арта түскенін деректер дәлелдеуде. Сайып келгенде, сең сөгіліп, іс ілгері басты. Алайда, құқықтық және заңдық нормалардың толыққанды жұмыс істемеуінен қазақ тілінің бүгінгі қолданыс аясы көңіл толтырарлықтай емес екені аңғарылуда. Сонымен қатар, қарапайым кемшіліктер де мемлекеттік тілдің қолдану аясын арттыра түсуге қолбайлау болып жатқаны да құпия емес. Осы жайында, күнделікті көзге шалынып жүрген сот жүйесіндегі олқылық жайлы тоқтала кетейік. Атап айтсақ, сот төрелігін жүзеге асырудағы сот ісінің тілі туралы қағидаттың сақталмауына байланысты бірқатар кемшіліктерге жол беріліп келе жатқаны құпия емес. Мәселен, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде тергеушілер өздері жақсы меңгерген орыс тілінде істі жүргізуге мүдделі болып, айыпталушыны да, жәбірленушілерді де осы тілде жауап беруге мәжбүрлеген жағдайлар аз кездеспейді. Сондықтан іс сотқа келіп түскенде, кейде жәбірленушілер, басқа жағдайда сотталушылардың өздері сот өндірісінің тілін білмейтін болып, аудармашы талап етіп отырған жағдайларды көп кездестіреміз. Бұдан қандай қорытынды шығаруға болады. Демек, заң тұрғысында сауаты таяз, өз құқығ ын жақсы білмейтін қарапайым адам білікті де білімді тергеушінің, не қорғаушының жетегіне еріп, іс жүргізуі тілін соның жақсы меңгерген тілінде ресімдеуге көніп, айтқанына көніп, айдағанына жүргендігі тайға таңба басқандай айқын көрініс табады. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту жолында осындай кемшіліктің өзіне жол берілмейтін болса мемлекеттік тілде қаралатын істердің саны еселеп артары даусыз. Сондықтан жұртшылықтан қандай да бір мәселе бойынша сотқа жүгінгенде өздерінің өтініштерін меңгерген ана тілінде жазғаны дұрыс екенін, сонда іс жүргізу тілі сол тілде тағайындалатынын еске сала кеткіміз келеді.

Бақыт ТУРАНОВА,
Жетісу облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы.

КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРЫ ЕЛІМІЗДЕ СОТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ МЕНЖАҢҒЫРТУЖОЛЫНДАКӨПТЕГЕНЖҰМЫСАТҚАРЫЛЫП, ӨЗІНІҢ ЖАҚСЫ НӘТИЖЕЛЕРІН БЕРУДЕ. ҚАЗІР КҮНДЕЛІКТІ СОТ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ СОТТАР ІТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ҒАЛАМТОР РЕСУРСТАРЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН КӨБІРЕК ПАЙДАЛАНУДА.

ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР ЖАҚСЫ НӘТИЖЕСІН БЕРУДЕ

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын іске асыру аясында Жоғарғы Сот тарапынан бүгіндері жүзеге асырылып жатқан мұндай бастамалар, соттардың халықпен өзара іс-қимылындағы барлық мәселені кеңінен қамти отырып, республикамызда «электронды сот төрелігін» мейлінше дамытуға, төрешілдік кедергілерді болдырмауға, азаматтардың уақыты мен қаржысын үнемдеуге, ел тұрғындары игілігі үшін сот жүйесінің қолжетімді әрі барынша ашық болуына жағдай туғызып отыр. Мәселен, электрондық цифрлық қолтаңбасы бар республиканың кез келген азаматына үйден шықпай-ақ «Сот кабинеті» электронды ақпараттық сервисі арқылы елдің кез келген сотына талап арыз беріп, кейіннен оның қаралу динамикасын бақылап отыруға мүмкіндік береді. Осыған орай, жедел ақпарат алмасудың технологиясы дамыған шақта сотқа жүгінудің инновациялық тәсілдері іске қосылып, ақпараттық технологияларды белсенді түрде қолданудың нәтижесінде бұқараның басым бөлігі сот төрелігіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін заманауи жобалардың толықтай игілігін көріп отыр. Атқарылған осындай ауқымды істердің арқасында халықтың ақпаратқа қолжетімділігі артып, сотқа деген сенімдері де артып, жағымды пікірлері қалыптасуда.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін бірер мысалдар келтірейік. Мәселен, азаматтық іс жүргізудің алға қойған мақсаттары мен міндеттерінің бірі сотта істі қараудың тиімділігін арттыру, уақытты үнемдеу болып табылады. 2016 жылы қабылданған Азаматтық процестік кодекстегі өзгерістің бірі – оңайлатылған іс жүргізудің енгізілуі. Оңайлатылған іс жүргізу – азаматтық процестегі іс жүргізудің жаңа бір түрі, азаматтық процестің жаңа институты. Осындай мақсатқа негізделген игілікті істердің қатарына қазіргі таңда кеңінен қолданылып келе жатқан озық технологиялардың бірі сот отырыстарында бейнеконференциялық байланыс арқылы өткізу болып табылады. Осы тәсіл бойынша сот отырысына қатысатын азаматтар қай қалада болсын уақытын үнемдеп, тікелей байланысқа шығу мүмкіндігіне ие. Осыған орай істер жедел қаралып, қауіпсіздік тетіктері қамтамасыз етіліп, бас бостандығынан айыру орындарында және тергеу абақтысында отырған адамдарды тасымалдамай-ақ жауап алу жеңілдегенін де жарқын мысал ретінде айта кеткен абзал.

Соңғы жылдары сот жүйесіне етене енгізілген жағымды жаңалықтардың бірі ретінде бұрын соттарда қаралатын кейбір істерді нотариустың құзырына беріп, соттың жүктемесін жеңілдету болып табылады. Осылайша атқарушы жазба жобасының дамуына жол ашып, бұрын сотта қаралған талаптардың 20 пайыздан астамы нотариустарға берілді. Осыған орай, бұрын азаматтық процестік кодексте көзделген 18 бұйрық арқылы іс жүргізу өндірісінің 9-ы нотариатқа тапсырылды.

Сайып келгенде, ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуы және осыған байланысты қоғам сұранысының артуы оны сот жүйесінің қызметінде пайдалануды ұдайы жетілдіруді қажет етеді. Сот процесінің дыбыс-бейне жазбаға тіркелуі соттың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар, іске қатысушылардың да мәжілісте өздерін барынша заңға сай ұстап, сотты сыйлауына ықпал етіп отыратынын күнделікті көзімізбен көріп, көңілімізге тоқып та жүрміз.

Арайлым МЫНЖАНОВА,
Көксу аудандық сотының судьясы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БАЙҚАУ

ЖАСТАРДЫ СТАРТАП ЖОБАЛАР ҚАНАТТАНДЫРАДЫ

Қазақстандағы өскелең ұрпақтың кәсіпкерлік бастамалары мен бизнес дағдыларын қолдау және дамыту мақсатында Jetisu Startup Challenge байқауы жарияланды. Sit Foundation қорының қолдауымен бастау алған байқаудың финалы Талдықорған қаласында өтті.

Байқауға қатысу үшін еліміздің түкпір-түкпірінен кәсіп-пен айналысқысы келетін 100-ге жуық жалынды жас өз жобаларын ұсынған. Солардың ішінде жаңалығы мен өзектілігі, инвестициялық тартымдылығы, коммерциаландыру деңгейі мен өңір үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы жоғары деген 12 жоба үздік деп танылып, финалға өтті.

AgriTech (ауылшаруашылығы технологиялары), TravelTech (туризм саласы бойынша технологиялар) және Creative Industries (креативті инсдустрия) бағыттары бойынша өз жобаларын ұсынған жас ғалымдарға өз кәсібін дөңгелетіп отырған білікті мамандардан құрылған қазылар алқасы төрелік етті.

Жалпы жүлде қоры 1 млн теңге болған Jetisu Startup Challenge байқауының қорытындысы бойынша үш жеңімпаз анықталды. Бірінші орынды көлік жүргізгенде ұйқыдан оятатын ақылды камералар жасау жобасын ұсынған «Ақ жол» тобы иеленсе, екінші орынды егістікке тыңайтқыш ретінде шыбыннан құрт жасайтын технология жобасын ұсынған «Bio Booster» тобы ұтып алды. Ал үшінші орын сөйлей алмайтын адамдарға дауыс сыйлауға мүмкіндік туғызатын ақылды қолғаптың жобалық прототипін ұсынған «Be Heard» тобына бұйырды. Оларға 500 мың, 300 мың және 200 мың теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілді.

Асылхан ҚАЛИ, «Ақ жол» тобының жетекшісі: – *Бала кезімде атам мен әжеме жиі қонаққа баратынмын. Олармен бірге қалада көп жол жүретінбіз және атам көлік жүргізу кезінде жиі ұйықтап кететін. Сол кезде осы мәселені шешетін құрылғыны ойлап тапқым келген. Сонымен есейген шақта осы идеямды іске асыруға кірістім. Жобаны бастағанымызға бір жылға жуық уақыт болды. Осы аралықта тобымызбен біраз жетістікке жеттік. Мәселен нарықты зерттей отыра бизнес-инкубациядан өттік. Сонымен қатар құрылғымыздың 3D-моделін жасап шығардық. Алғашында мектеп ішілік шараларға қатысып бастаған болатынбыз. Бүгінде мемлекеттік, халықаралық деңгейдегі байқауларда бақ сынап жүрміз.*

Байқаулардан орын алып, ақшалай жүлделер ұтып жатсақ, біз жаңа биіктерге жету үшін қаражатты толығымен жобаға инвестиция ретінде саламыз. Мысалы, әрі қарай жобаны дамыту үшін бізге функционалдық аппараттар, құрылғылар қажет болады. Сол себепті қаражатты бірден жобаға саламыз. Бүгінде күн-түн демей еңбек етуіміздің арқасында біз жобамызды халықаралық деңгейге көтере алдық. Алдағы уақытта идеямызды одан әрі жетілдіріп, бұдан да биік белестерді бағындыратын боламыз.

Финалда өз жобаларын қорғаған барлық қатысушыға кәсіптерін жүйелеу, дамыту бойынша онлайн инкубация жүйесіне тегін қосылу мүмкіндігі берілді. Бұл сертификат арқылы олар құны 300 мың теңге тұратын білімді алып, өз идеяларын дамыта алады. Sit Foundation қорының алқа төрағасы Саят Нүсіповтың айтуынша байқау өз мәресіне жеткенімен стартап жобаларды қолдау, дамыту тіпті оған инвестиция тарту тоқтатылмайды. Керісінше жас ғалымдардың инновациялық әлеуетін одан әрі дамыту үшін екі есе қолдау көрсетілетін болады.

Балауса ҚАСЫМХАН,
І. Жансүгіров атындағы
Жетісу университетінің
3 курс студенті.

МЕКТЕБІҢДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СЫНЫП САҒАТЫ ӨТТІ

Жастар – елдің болашағы. Ал елдің қауіпсіздігі мен халықаралық беделіне, қазақстандық азаматтардың Конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті күш – сыбайлас жемқорлықпен күресті жастардан бастағанымыз жөн.

Мектебімізде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы мемлекеттік саясатты іске асырудағы жастардың рөлі» тақырыбында жоғары сынып оқушыларына сынып сағаттары өткізілді. Оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың салдарынан орын алған нақты мәліметтерді мысалға келтіре отырып, арам жолмен олжалы болғысы келген адамдарға заң аясында ешқандай да аяушылық жоқ екені түсіндірілді. Оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруда баланың саналы болуына, адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетінің зор болуына ықпал ететін ата-ана мен мұғалім. Қазіргі таңда бұл дерттің қаншалықты адамға, қоғамға, мемлекетке зиян екенін еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін біледі. Бірақ сыбайлас жемқорлықтың соңы – теміртор екенін күнде көзбен көріп, құлақпен естіп жатса да тоқтау салмайтындар бар. Мұндай адамдар қоғамға аса қауіпті. Олардың бәрі Заң алдында жауап береді.

XXI ғасыр – ақпарат пен жаңа технология ғасыры болғандықтан оқушылар түрлі ақпаратпен жан-жақты танысып отырады. Ақпараттың қолжетімді заманында өмір сүріп жатқан бүгінгі жастар теріс әрекеттің болашағы бұлыңғыр болатынын жақсы біледі. Олар сыбайлас жемқорлыққа деген мәдениеті жоғары қалыптасып келетін жаңа буын өкілдері. Жаңа Қазақстанның адал ұрпағы ел болашағы жолында адал қызмет етеді деген үмітімізді үкілеп өсіп келе жатқаны бізді қуантады.

Оқушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру мақсатында мектебімізде сурет салу байқауы өткізілді. Мұнда оқушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы өздерінің ойында жүрген түрлі суреттерді салып, үздіктері Алғыс хатпен марапатталды. Жоғары сынып оқушылары арасында шығарма, эссе жазу байқауы жоспар бойынша өткізіліп тұрады. Оқушыларымыз бұл жұмыста ел сенген аза-маттардың қара бастың қамын ойлауда ар, намыс, адалдық деген асыл қасиеттерді аттап, арам іске барғандарын тебірене жазған. Байқауда үздік деп танылған шығармалар аудандық, облыстық баспасөз бетінде жарық көрді. Мектепішілік дебат ұйымдастырғанда оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасқанына көз жеткіздік. Олардың жемқорлыққа қарсы айтқан сөздері, ойлары нағыз патриот ұрпақтың шынайы бейнесін көрсетті. Біз дәл осындай саналы, тәрбиелі, тәртіпті, білімді, білікті саналы ұрпақты тәрбиелеп жатқанымызға қуандық. Осындай жас ұрпақ өсіп келе жатқаны біздің ертеңге деген сенімімізді еселейді.

Жемқорлық індетімен күресу тек құқық қорғау органдарының басты мақсаты мен жұмысы емес екенін түсінуіміз керек. Жас ұрпақты адалдықтың ақ жібінен аттамайтын, ар-ожданға немқұрайды қарамайтын нағыз отансүйгіштік пен халық қамын ойлайтын рухы мықты, жігерлі етіп тәрбиелеуге қоғам болып атсалыссақ, жарқын болашақта, кемел келешекте бақытты өмір сүретініміз анық.

Б. ИБРАИМОВА,
№3 Қабанбай орта метебі
мектеп жасына дейінгі шағын
орталығы бар коммуналды мемлекеттік
мекемесі директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары,
тарих пәнінің мұғалімі.
АЛАКӨЛ АУДАНЫ

КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ КЕРЕК

ЖАППАЙ КҮРЕСУДІ ТАЛАП ЕТЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК КЕСЕЛ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ БҮГІНГІ КҮНІ БАРЛЫҚ ӘЛЕМДІ АЛАҢДАТЫП ОТЫРҒАН АСА ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ. БҰЛ ДЕРТПЕН ЫМЫРАСЫЗ КҮРЕСУ, ҚОҒАМДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕГІ БАРЛЫҚ ЕЛГЕ ОРТАҚ МІНДЕТ БОЛЫП ОТЫРҒАНЫ ДА ҚҰПИЯ ЕМЕС.

Осыған орай, Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу бағытында «Қазақстан – 2050» стратегиясында белгіленген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған 2015 – 2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы бекітілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Сонда олар білместікпен заңға қайшы әрекетке барып, опық жемейтін болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік дерт ретінде тани білуі; жемқорлық көріністеріне қатысты материалдарды объективті және сыни көзбен бағалай білуі; сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндікті

• ІНДЕТ

пайдалана білуі. Міне, осы бағыттағы жұмысты жандандыра түссе, нұр үстіне нұр болар еді. Сайып келгенде, Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық саласында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның инс-чтитуттарына сенімін нығайту қазіргі таңдағы басты мақсат, жауапты міндет болып табылады.

Гүлбаршын ЖЕКСЕМБІНОВА,
Қаратал аудандық сотының
судьясы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕНПФ

О ВЫПЛАТАХ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ ИЗ ЕНПФ ЛИЦАМ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ

ЕНПФ уведомляет своих вкладчиков (получателей) о том, что лица, имеющие в ЕНПФ пенсионные накопления, сформированные за счет:

обязательных пенсионных взносов и (или) обязательных профессиональных пенсионных взносов, и инвалидность первой или второй группы, установленной бессрочно,

добровольных пенсионных взносов, и инвалидность независимо от группы и срока установления инвалидности,

вправе получать пенсионные выплаты по установленному графику до наступления общеустановленного пенсионного возраста.

Самому вкладчику (получателю) предъявлять документы, подтверждающие его статус, не нужно, ЕНПФ с согласия вкладчика (получателя), предоставляемого в соответствии Законом Республики Казахстан «О персональных данных и их защите», самостоятельно проверяет наличие инвалидности (группы, срока действия) посредством веб-сервиса путем запроса сведений из информационной системы «Централизованный банк данных лиц, имеющих инвалидность» Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан (МТСЗН) через «Государственную корпорацию «Правительство для граждан» (Госкорпорация) в рамках соглашения, заключенного между МТСЗН, Госкорпорацией и ЕНПФ.

Подать заявление на выплату пенсионных накоплений можно, обратившись в ЕНПФ лично через сайт enpf.kz, в офис или через поверенное лицо, а также по почте.

Подробную инструкцию по подаче заявления через сайт enpf.kz можно посмотреть здесь.

Обращаем внимание, что в ЕНПФ также организовано выездное обслуживание для лиц с инвалидностью первой или второй группы, установленной бессрочно. При этом осуществляется предварительная консультация, в том числе проверка на возможность получения услуг дистанционно, без выезда.

ПРОВЕДЕНО ТАРГЕТИРОВАННОЕ ОПОВЕЩЕНИЕ КАЗАХСТАНЦЕВ, ДОСТИГШИХ ПЕНСИОННОГО ВОЗРАСТА И НЕ ОБРАТИВШИХСЯ ЗА ПЕНСИОННЫМИ НАКОПЛЕНИЯМИ В ЕНПФ.

ЕНПФ ежегодно совместно с Государственной корпорацией «Правительство для граждан» (Государственная корпорация) проводит сверку на предмет выявления лиц, достигших пенсионного возраста и имеющих пенсионные накопления в ЕНПФ, при этом получающих пенсионные выплаты по возрасту за счет бюджетных средств, но не обратившихся за выплатой в ЕНПФ.

По результатам сверки на начало 2023 года было выявлено свыше 180 тысяч лиц указанной выше категории.

В целях осуществления выплаты пенсионных накоплений Государственной корпорацией в апреле текущего года указанным получателям, зарегистрированным в Базе мобильных граждан (далее – БМГ), были направлены sms-сообщения для получения согласия последних на оказание проактивной услуги по выплате пенсионных накоплений.

Следует отметить, что идентификация осложняется тем, что далеко не у всех получателей телефонные номера зарегистрированы в БМГ. Кроме того, Государственной корпорацией установлено, что более 57 тысяч человек выехали на постоянное место жительства за пределы Республики Казахстан, следовательно, не получают выплаты из Государственной корпорации. Среди не получивших пенсионные накопления из ЕНПФ есть около тысячи умерших лиц, чьи наследники также не обратились за выплатой пенсионных накоплений. Еще одна категория – это лица, достигшие общеустановленного пенсионного возраста и получающие пенсию за выслугу лет.

Тем не менее, работа по выявлению не обратившихся за пенсионными выплатами лиц продолжается. В этой связи ЕНПФ отмечает, что согласно Закону Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» лица, достигшие пенсионного возраста и имеющие пенсионные накопления в ЕНПФ, вправе получать пенсионные выплаты из ЕНПФ и настоятельно рекомендует своевременно обращаться в подразделения Государственной корпорации по месту жительства для назначения пенсионных выплат из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста.

В случае, если получатель не обращается за выплатами, пенсионные накопления остаются на его индивидуальном пенсионном счете и на них продолжает начисляться инвестиционный доход.

Напоминаем, что пенсионные выплаты из ЕНПФ назначаются со дня обращения и осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений.

ГЕНДЕР

СОЗДАЕТСЯ ПРОЧНАЯ ПРАВОВАЯ БАЗА

Национальная гендерная политика является важнейшей основой демократического процесса нашей страны. За годы независимости Казахстан достиг определенного прогресса в реализации гендерной политики. Гендерная политика – это государственная и общественная служба, направленная к достижениям равенств мужчин и женщин. Во всех сферах общественной жизни. Прежде всего это нашло свое выражение в целенаправленном развитии женского потенциала, создании условий для равного проявления как мужчин, так и женщин в трудовой деятельности, бизнесе, политике и государственном управлении, формировании равного доступа женщин к качественному образованию и здравоохранению, а также всесторонней защите материнства. На сегодня в Казахстане сформировалась целостная институциональная система гендерной и семейно-демографической политики, создана серьезная правовая база.

Отнесение человеческого капитала к числу объективно-первостепенных условий социальной модернизации поставило на повестку дня необходимость преобразования экономических, социальных и общественно-политических институтов. В этих целях в 2014 году Правительством утверждена Концепция социального развития Республики Казахстан до 2030 года, направленная на создание условий для повышения качества и конкурентоспособности человеческого капитала, а также достижение высокого стандарта качества жизни для всех казахстанцев, в которой отражены стратегические задачи по реформированию социально-трудовых отношений, системы здравоохранения, образования и социальной защиты с отдельным фокусом на социальной поддержке материнства, детства и уязвимых групп семей.

В нашей республике выполнены рекомендации Комитета ООН по ликвидации дискриминации в отношении женщин по принятию гендерных законов "О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин" и "О профилактике бытового насилия". Введен институт общественного мониторинга нормативных правовых актов. Растет и число неправительственных организаций, таких как Ассоциация деловых женщин Казахстана, Союз женщин-предпринимателей Казахстана, Республиканский совет женщин, Женская ассоциация развития и адаптации и другие, оказывающих помощь женщинам, стремящимся создать собственные предприятия. Они проводят консультации, обучение, помогают в вопросах кредитования. Таким образом, масштабно ведется работа по поднятию общего уровня бизнес-культуры и стимулированию предпринимательской инициативы.

Самал КАЛИМОЛДИНОВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

ЗАКОН

ЗНАЙТЕ, СВОИ ПРАВА

У нас в повседневной жизни часто возникают конфликты между продавцом-изготовителем и покупателем тех или иных товаров. В таких случаях не каждый человек может найти выход из такой ситуации на основании закона. Поэтому, предлагаем вниманию читателей этот материал. Отношения, возникающие между потребителями и изготовителями, исполнителями, импортерами, продавцами при продаже товаров (выполнении работ, оказании услуг) регулируются Законом Республики Казахстан от 4 мая 2010 года №274-IV «О защите прав потребителей». Данный Закон определил правовые, экономические и социальные основы защиты прав потребителей, а также меры по обеспечению потребителей безопасными и качественными товарами (работами, услугами).

Потребители имеют право не только на свободное заключение договоров на приобретение товаров, получение информации о товаре, приобретение безопасного товара, свободный выбор товара, надлежащее качество товара, обмен или возврат товара как надлежащего, так и ненадлежащего качества, возмещение в полном объеме убытков, морального вреда, но и защиту прав и законных интересов.

В случае нарушения прав граждан-потребителей Законом предусмотрено два варианта защиты. Первый способ – досудебная защита, то есть в виде претензионного производства, когда предъявляется требование о защите нарушенного права продавцу (изготовителю, исполнителю). Второй способ - судебный (исковой), когда потребитель обращается с иском в суд, предварительно не предъявляя требований продавцу (изготовителю, исполнителю).

Право потребителя на защиту прав и законных интересов урегулировано ст.22 Закона РК «О защите прав потребителей». Защита прав и законных интересов потребителей осуществляется в пределах компетенции соответствующими государственными органами, судом и арбитражем.

С принятием Закона Республики Казахстан «О медиации» от 28 января 2011 года № 401-IV ЗРК появилась уникальная возможность применять медиацию как способ урегулирования конфликта или спора до суда в сфере защиты прав потребителей.

Медиация, как один из видов примирительных процедур является конфиденциальной процедурой урегулирования спора (конфликта) между сторонами при содействии медиатора в целях достижения ими взаимоприемлемого решения, реализуемая по добровольному согласию сторон. Закон Республики Казахстан «О медиации» регулирует общественные отношения в сфере организации медиации в Республике Казахстан, определяет ее принципы и процедуру проведения, а также статус медиатора. Стороны могут урегулировать спор с помощью третьей нейтральной стороны-медиатора. Основополагающими принципами медиации являются: добровольность; конфиденциальность; взаимоуважение; равноправие сторон; нейтральность и беспристрастность медиатора; прозрачность процедуры.

Айгерим КУСАИНОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания СМЭС области Жетісу.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВЕЛОСПОРТ

КАВЕНДИШ – ЖЕҢІМПАЗ

«Astana Qazaqstan Team» командасының ұлыбританиялық ардагер велошабандозы Марк Кавендиш Римде мәресіне жеткен әйгілі «Джирод Италия» жарысының соңғы кезеңінде жеңіс тұғырынан көрінді.

«Астана» велоклубының қатарын жыл басында толықтырған 38 жастағы спортшы Италиядағы гранд-тур тарихында кезең жеңімпазы атанған ең егде велошабандоз атанып отыр. Бұған дейінгі рекорд кезінде «Астана» сапында бақ сынаған италиялық Паоло Тиралонгоға (37 жас) тиесілі еді.

Сонымен қатар Марк Кавендиш «Джирод Италия» тарихындағы тағы бір рекордты жаңартты. Яғни британиялық велошабандоздың ең бірінші және соңғы жеңісінің арасын тұп-тура 15 жыл 15 күн бөліп тұр. Ол Италия гранд-турында алғаш рет 2008 жылдың 13 мамырында жеңіске жеткен болса, соңғы мәрте 2023 жылдың 29 мамырында дара шықты. Бұған дейінгі рекорд италиялық Джино Барталиге тиесілі болатын. Оның бірінші және соңғы жеңісінің арасы – 15 жыл 9 күн.

Апеннин түбегіндегі сәні мен салтанаты жарасқан ең көне шаһардың бірі саналатын Римнің орталық көшелерінде ұйымдастырылған жарыстың 21-кезеңде «Астана» өкілі алдына жан салған жоқ. 126 шақырымға созылған соңғы кезеңдегі спринтерлер жарысында Марк мәре сызығын 2 сағат 48 минут 26 секунд ішінде кесіп өтіп, жалпы 17 мәрте кезең жеңімпазы атанды.

Ұлыбританиялық велошабандоз бұл кезеңде ұзақ уақыт бойы қалың топтың арасында жүріп, бар күшін соңғы шақырымдағы спринтерлердің сайысына сақтап отырды. Сөйтіп, мәреге санаулы метрлер қалғанда Кавендиш қалың топпен бірге шабуылға шығып, ақыр соңында бәрін шаң қаптырып кетті. Кейінгі екі орынға Люксембург өкілі Алекс Кирш («Trek-Segafredo») пен италиялық Филиппо Фиорелли («Green Project – Bardiani-CSF») ие болды.

106 мәрте ұйымдастырылған «Джирод Италия» жарысының биылғы маусымында 33 жастағы словениялық велошабандоз Примож Роглич («Jumbo – Visma») топ жарды. Оның уақыт көрсеткіші – 85 сағат 29 минут 2 секунд. Екінші орынды 2018 жылғы «Тур де Франс» жарысының жеңімпазы 37 жастағы ұлыбританиялық Герайнт Томас («INEOS Grenadiers») иеленсе, үздік үштікті португалиялық Джоау Альмейда («UAE Team Emirates») түйіндеді.

Жекелей аталымдағы жеңімпаздарға тоқталар болсақ, 22 жастағы италиялық Джонатан Милан («Bahrain Victorious») 217 ұпаймен спринтерлер сайысында үздік шықса, 101 ұпайы бар Марк Кавендиш төртінші орынға тұрақтады. «Groupama – FDJ» командасының франциялық өкілі Тибо Пинот таулы кезеңнің королі атанса, жас велошабандоздар арасында португалиялық Джоау Альмейда («UAE Team Emirates») үздік шықты. Ал командалық сайыста Бахрейннің «Bahrain Victorious» командасы бас жүлдеге ие болды. Олардың уақыт көрсеткіші – 256 сағат 21 минут 18 секунд. Көшбасшыдан 1 сағат 31 минут 44 секундқа қалып қойған «Астана» командасы жалпы есепте жетінші орынды қанағат тұтты.

СПАРТАКИАДА

САЛТАНАТТЫ АШЫЛУ РӘСІМІ ӨТЕДІ

ТАРАЗДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ VI ЖАЗҒЫ СПАРТАКИАДАСЫНЫҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУ РӘСІМІ ӨТЕДІ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАЗҒЫ СПАРТАКИАДАСЫ ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ МАҢЫЗДЫ СПОРТТЫҚ ІС-ШАРА.

Спартакиада республика өңірлерінде спортшыларды даярлау жөніндегі спорт ұйымдарының жұмысын қорытындылау мақсатында өткізілмек.

Сондай-ақ жазғы олимпиадалық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық құрама командалары жасақталады.

Жазғы спартакиаданың салтанатты ашылу рәсімі Ханчжоуда өтетін 19-шы жазғы Азия ойындарының және 2024 жылы Парижде өтетін Олимпиада ойындарының қарсаңында ұйымдастырылып жатыр.

Айта кетейік, төртжылдықтың басты додасында грек-рим күресі, әйелдер күресі, еркін күрес, таеквондо, үстел теннисі, тректегі велосипед спорты, семсерлесу, спорттық гимнастика, батут гимнастикасы, бокс (әйелдер), баскетбол (ерлер, әйелдер), көркем гимнастика, волейбол (ерлер,әйелдер), дзюдо (ерлер, әйелдер), су добы (ерлер, әйелдер), қол добы (ерлер, әйелдер), садақ ату, байдарка мен каноэде есу, жүзу, велосипед спорты (тас жол), жеңіл атлетика, ауыр атлетика, оқпен ату, теннис, триатлон, стенд ату, бокс (ерлер) сынды спорт түрлерінен жүлделер сарапқа салынбақ.

Соның ішінде 3 спорт түрінен жарыс Тараз қаласында өтеді.

ТЕННИС

ҚАРСЫЛАСЫМЫЗ – АЗУЛЫ АУСТРАЛИЯ

ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ АСТАНАСЫ–ЛОНДОНДА БИЛЛИ ДЖИН КИНГ КУБОГІНІҢ ФИНАЛДЫҚ ТУРНИРІНІҢ ЖЕРЕБЕСІ ТАРТЫЛДЫ. ЕЛІМІЗДІҢ ТЕННИСШІЛЕРІ В ТОБЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТЕДІ. ҚАРСЫЛАСТАРЫМЫЗ – АУСТРАЛИЯ МЕН СЛОВЕНИЯ ҚҰРАМАЛАРЫ.

Аустралия – өте азулы команда. Бұл турнирде олар жеті рет бас жүлдені (1964, 1965, 1968, 1970, 1971, 1973, 1974 жылдары) олжалап, 12 рет финалда (1963, 1969, 1975-80, 1984, 1993, 2019, 2022) ойнады. Осы көрсеткіш жағынан аустралиялық арулар тек АҚШ (11 рет) пен Чехиядан (8 рет) ғана қалып келеді. Жасыл құрлық өкілдерінің ең үздік ойыншысы – Айла Томлянович. Әлемдік рейтингте 46-орында тұрған 30 жастағы Хорватияның тумасы 2014 жылдан бері аталған елдің туы астында өнер көрсетеді. Соңғы үш жыл аралығында ол екі рет Уимблдонның және бір рет АҚШ ашық біріншілігінің ширек финалына шықты. Бір айта кетерлігі, олардың ең шебер төрт теннисшісінің барлығы өзге елдерде дүниеге келген. Томляновичтен бөлек, Кимберли Бирелл (әлемнің №111 ракеткасы) Германияда, Дарья Сэвил (№137) Ресейде және Джеймс Фурлис (№150) Грекияда туған. Ал өз өрендері арасынан Присцилла Хон (№152) мен Оливия Гадекиді (№153) атап өтуге болады.

Словения құрамасының ондай табысымен мақтана алмайтыны анық. Десек те бұл командада да жақсы ойыншылар бар. Солардың арасынан Тамара Зидан шектің қарқыны жаман емес. 25 жастағы бұрымды әлемдік рейтингте 110-орынды еншілеп отыр. Словенияның өзге өкілдері әзірге ТОП-200 теннисшінің қатарында жоқ.

Әрине, оларға қарағанда Қазақстан теннисшілерінің жағдайлары әлдеқайда жақсы. Күні кеше ғана Римдегі турнирде бас жүлдені олжалаған Елена Рыбакина WTA рейтингінде төртінші орынға көтерілді. Юлия Путинцева 61-сатыға жайғасты. Жұптық сайыстарда Анна Данилина табысты өнер көрсетіп жүр. Олардан бөлек, бір топ жас буынның өкілдері жалындап өсіп келеді. Дәл осы құраммен жерлестеріміз топтық турнирде сүрінбеуге тиіс.

Естеріңізге сала кетейік, Билли Джин Кинг кубогінің финалдық бәсекелері үстіміздегі жылдың 7-12 қараша күндері Испанияның Севилья қаласында өтеді. Жоғарыда аталған командалардан бөлек, бұл жарыста Франция, Канада, Чехия, Италия, АҚШ, Испания, Германия және Польша құрамалары шеберлік байқасады.

Материалдар «egemen.kz» сайтынан алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ТӘМСІЛ

Піл мен тышқан

Ерте, ерте ертеде піл мен тышқан дос екен. Күндердің бірінде екеуі бірлікте егін салып, астық жинапты. Қамбадағы астықты пілдің иеленіп алуынан қорыққан тышқанның ойына арамдық еніпті. Ол қамбадағы астықтың астынан ін қазып, жер астындағы өз қамбасына таситын болыпты. Әр күні түнде піл ұйқыға кеткен кезде тышқан ұрлық істейді екен. Бір күні қамбадағы іннің аузын байқап қалған піл оны бітеп тастаса, ертесі тағы да ашылып қалыпты. Тышқаннан сұраса ол:

– Аллай, беллай, мен емеспін, көрген жоқпын! – деп зәрезап болыпты. Ақыры тышқан бүкіл астықты ұрлап тауысыпты. Бар пәленің тышқаннан келгенін енді ғана сезген аңқау піл ашуы келіп оған тап беріпті, қуып жетіп табанымен таптап өлтірмекші болғанда тышқан інге кіріп құтылып кетіпті. Осылайша олардың достығы жаулыққа айналыпты. Күні бүгінге дейін пілдің тышқанның інін көрсе табанымен басып тұрып қалатыны сол өшпенділіктен қалған екен.

Бақыт құсы

Ерте, ерте, ертеде бақыт құсы деген құс болыпты. Жүндері ақ мамық бұлттай, қауырсыны жасыл жапырақтай, тұяқтары ақ ірімшіктей, көздері түннің жұлдызындай, басы бармақтай ғана екен. Ол тұста сауысқан бақыт құсының адамдарға жіберетін елшісі болыпты. Жер бетінде жақсылық болса, патша сайласа сауысқан неше күндік жерден бақыт құсына хабар жеткізеді екен. Ал бақыт құсы кімнің басына келіп қонса, сол өмір бақи бақытты болады екен. Бақыт құсының ұясы алты қабат аспанның ар жағында болып оған тек қана сауысқан ұшып бара алады екен. Күндер өте келе бақыт құсының аспан мен жер арасында абыройы асып, адамдардың алақанына келіп қонғанын көрген сауысқанның қызғанышы қозыпты. Ол жүз жылда бір-ақ рет жұмыртқалайтын бақыт құсын аңдып жүріп, түн қараңғылығын жамылып, бақыт құсының жұмыртқасын жер бетіне алып қашыпты. Алайда қыраулы бұлттар қанатына мұз қатырған сауысқан жер бетіне күншілік жер қалғанда шоқтай жайнаған шолпан жұлдызынан таң атып келе жатқанын сезіп, қатты сасқалақтапты. “Үh” деп шошына тыныстағанда аузындағы жұмыртқа түсіп кетіпті. Не істерін білмеген сауысқан жұмыртқаны қайта қағып алмақшы болғанда жұмыртқа жарылып кетіпті. Сөйтсе, енесі бауырына басып, шайқап болып, жұмыртқаны жарып шығуға айналған балапан жұмыртқа қабыршағын тесуге аз қалған екен. Әлсіз қанаттарын сермеген бақыт құсының балапаны таңның алғашқы арайында аспан мен жер арасында бағдарсыз ұша беріпті. Ал оның енесі болса, балапанының қасіретіне қайғырып, көз жасын көлдетіп жылапты. Осы кезде жердің бетіне жаңбыр жауатын болыпты. Әр жылғы көктемнің алғашқы жаңбыры сол бақыт құсының көз жасы екен. Сондықтан да көктем жаңбыры жер бетіне ырыздық әкелетін болған. Көктем жаңбырында сауысқандардың ұша алмай тасаға тығылуында да мән бар екен. Бақыт құсы шиыршық атып айға қарай жанталаса ұшқанда оның қанатының желі көктемнің қоңыр самалы болып еседі екен. Ай толған кездерде ол айдың бетіне қонып алып, жер бетінен балапанын іздеп телміретін болыпты. Ай бетінен біз көретін дақ сол бақыт құсының көлеңкесі екен. Адамдардың айға қарап телміруі, оны арманға балауы да тегін емес екен. Ал, сауысқан болса бақыт құсынан күнәсі үшін қатты қорқып, жер бетінен алыстап ұшпайтын болыпты. Әрі адамдарға жақсы көріну үшін тынымсыз шықылықтап, бірден бірге өсек жеткізетін болыпты. Біз көрген сауысқандардың жер бауырлай ұшып ағаштан-ағашқа секеңдеп жүруінде әне сондай әңгіме бар екен. Ал аспан мен жер арасында қалған бақыт құсының балапаны таң ата жер бетінен ұшып өтетін болыпты. Үлкендердің “Ерте тұрған адам бақытты болады, оған бақыт құсы қонады” немесе “Ерте тұрғанның ырысы артық, бақыт құсы қонады” деуі де сонан екен. “Алалық тұрған жерде бақыт тұрмайды” дейтін әжелеріміздің ақылы да сауысқан мен бақыт құсының бастан кешуінен қалған тәмсіл болса керек.

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

«Қиярдың бөшкесіндей»

Талай жыл қызметтес болған белгілі ақындар Жұматай мен Тоқтасын бір-бірін өлеңмен қағытуға бейім еді. Бірде Тоқаң: «Жұматай, босқа отырғанша бір-бірімізге өлең шығарайық?» дейді. Тосын шумақтарды төгілтуге әбден төселіп алға Жүкең:

– Жасыңыз үлкен, алдымен сіз бастаңыз, – деп, кішілік танытады.

Сонда ақын ағасы:

«Жұматай деген пәңгі бас,
Қаламақың да маңдымас.
Өлең – очерк жазам деп,
Болып алдың қаңғыбас!...» деп, інісінің іссапаралардан мақала, сұхбаттың орнына өлеңмен оралатындығын бетіне басады. Жымия күлген Жүкең өз кезегі келгесін:

«Қатын көрсе құнжыңдап қуанатын,
Қиярдың бөшкесіндей жуан ақын.
Жыласа жүн-жүн ішіп жұбанатын,
Кіндігін қытай кескен Суан ақын...» деп, ақын ағасының арқасынан қағыпты.

«Сәбіз ексем... асқабақ шығады»

Бір жылдары саяжай салу үшін журналистерге жер берілді. Қуана қимылдап, алдымен жеміс отырғыза бастадық. Жаз ортасында Әбекең келіп:

– Мұндайда қызық болады екен. Картоптың орнына сарымсақ қызанақтың орнына қияр, сәбіздің орына асқабақ өсіп тұр... – деп таңданады.

«Бұл қалай?...» деп барсақ, ақын ағамыз себілген тұқымның аты жазылған тақтайшаларын ауыстырып алыпты.

«Жұмыста көреді, үйде көрмейді»

Көзім жұмыста көреді, үйде көрмейді, – дейді Әбен ағамыз дәрігерге шағым жасап.

– Көзіңіз орнында, – дейді емдеуші қайта-қайта қарап.

– Көзілдіріңізді тексертіңіз?...

– Бекер медик боласың ба, «диагнозың» дұрыс, – депті екі күннен кейін оралған ол дәрігерге.

– Жұмыстағы көзілдірігімде әйнек бар, үйдегісінде жоқ екен.

«Күшікті кім жегізген»

Кезекті бір бас қосудан «тойып» қайтқан Тоқтасын ағамыздың жолбойында жүрегі айныды. Ауыздан түсе қалған «тегін дүниеге» қаңғып жүрген күшік келіп кіріскен ғой. Сонда тербетіліп тұрған ол:

– Так... мынау күрішті К – әк–еннің... анау с – с – әбізді Сәкеннің үйінен... қуырдақты Қатайдікінен... ж – ж – жедім... С – о – н – да кү –шік-ті кім жегізді?! – деп таңданыпты.

Тұрлыхан КӘРІМ

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Алихан ҚОЖАХМЕТ

Ақеділ ОРАЗБЕК

Балжан ДҮЙСЕНБЕК

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. СМАҒҰЛ.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 655
Индекс 15534